



ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ
ҰЛТШЫЛДЫҚ
ҰЛАҒАТЫ

11-бет



«АҚ ЖОЛ»
АЛАШТЫ НАҚТЫ
ІСПЕН ҚОЛДАЙДЫ

4-бет



БИЛІКТЕН
БИИК ТҰЛҒА

9-бет

ҚАЗАҚҰНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№46-47 (812-813), 29 қараша, 2018

Azat PERÝASHEV:

BIZDE BABALARYMYZDYŇ GENETIKALYQ KÚSHI BAR

Ultyq ustanymy bar adam úshin Nursultan Ábishulynyñ «Uly dalanyñ jeti qyry» atty maqalasy naǵyz jańalyq boldy. Zamandastarymyzdyñ ǵana emes, aǵa urpaqtyñ da uǵymynda ózimizdiñ ultyq tarihymyzy tek qaiǵyly jaǵynan este saqtap, ony qazaq halqynyñ bastan keshken bitpeitin qasireti men tragediialyq oqıǵalary dep qabyldap júr. Bul qaiǵy-qasiret qazaqtyñ basyna túsken sharasyz taǵdyry degendei pikir qalyptastyrdy...

10-бет



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БИЛІКТЕН ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

Кеңес елі компартиясының орталық комитеті өзінің құпия-астырын әрекетімен қазақ тілін жоюды мақсат еткені жасырын емес. Жүздеген мектептер «коммунизм тілі» саналған орыс тілінде білім беруге ауысып, қазақ тілі «қосымша сабақ» ретінде тек ұлты қазақ балаларға оқытылғаны есімізде. Келімсектер мен өз арамыздан шыққан шолақ белсенділер «коммунизм құрамыз!» деп ұрандатып, қоғамдық орындарда өзге ұлт өкілдерінің көзінше қазақша сөйлесуді – «әдепсіздік» санады...

8
бет



ДӘСТҮР НЕ ДЕЙДІ,
БЕРДАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?

Қарашаның 2-күні Бердалы Оспан 365.инфо.кз сайтында жарияланған қазақтың «ұрын бару» салты жайлы мақаласын фейсбукке салды. Оқып көріп, таң қалдық. Сөзіміз жалаң болмас үшін үзіндіні ұзақтау етіп беруге мәжбүрміз, бірақ, орысша айтсақ «оно стоит того»...

18
бет

КАЗАХСТАН ПРОИГРАЛ?

ЕНТ ВМЕСТО СОВЕТСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Министерство образования и науки РК, почти по Фрейду, выдало себя с головой опровержением сообщения в социальных сетях и мессенджерах, где говорится, что «Великобритания завершила переход на советскую систему школьного образования», так как якобы образовательная программа СССР намного лучше западных аналогов и англичане это признали, перейдя на нее...



12
бет

ЕЛБАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРҒА РИЗАШЫЛЫҒЫН БІЛДІРДІ



Елордада өткен VIII Азаматтық форумда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қазақстандықтарға өмірлік кеңес берді.

«Біз анау жетпейді, мынау жетпейді деп үнемі шағымданамыз. Егер өмір сүру тым қиын болып бара жатса, ауруханаға бар.

Тіпті болмай бара жатса, зират арала. Ол жақта жатқандардың халі саған қарағанда әлдеқайда жаман. Біздің аяқ-қолымыз сау, бірақ жағдай жаман, оған ештеңе істей алмаймыз деп шашымызды жұламыз... Өмірде бәрі де мүмкін. Өзінді қолға алып, жұмыс істеуге мәжбүрле. Міне, барлық мәселе

осында. Жастарды да осыған үйретуіміз керек», — деді Елбасы.

Мемлекет басшысы мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық жасап, халықтың аз қамтылған тобына қолдау көрсетіп келе жатқан үкіметтік емес ұйымдардың жұмысына ризашылық білдірді. «Азаматтық қоғам да жетім балаларға, жалғызбасты, ауру және қарт адамдарға қамқор болуы тиіс. Ешкімі жоқ, жалғыз қалатын адамдар да бар. Олар тіпті нан алу үшін дүкенге де бара алмайды. Олармен кім айналысады? Әлеуметтік қызметтер мұндай адамдарды біліп, қалай өмір сүріп жатқанын қадағалап отыруы тиіс», — деді Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасы ешкімі жоқ, жалғызбасты адамдарды қарттар үйіне орналастыру не болмаса оларға қамқорлық танытуды еріктілерге тапсыру қажеттігін айтты.



«АҚ ЖОЛ» ПАРТИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ЖОҒАРЫ БАҒА БЕРІЛДІ

ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ақ жол» ҚДП төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашевті қабылдады. Бұл туралы «Қазақ үні» ақпарат агенттігі хабарлады.

Кездесу барысында Мемлекет басшысына «Ақ жол» демократиялық партиясы мен оның Парламент Мәжілісіндегі фракциясының жұмысы жөнінде мәлімет берілді.

Қазақстан Президенті «Ақ жол» демократиялық партиясының мемлекеттік саясатты жүзеге асырып, оның негізгі басымдықтарын халыққа түсіндіру ісіндегі рөлін ерекше атап өтті.

— Сіз еліміздегі тәжірибелі

Парламент депутаттарының бірі ретінде ұзақ жылдардан бері «Ақ жол» партиясына басшылық етіп келесіз. Партияларыңыз нақты жұмыстар атқаруда. Мемлекеттің жүргізіп жатқан саясатына қолдау білдіріп, халық бірлігін нығайту жолында зор үлес қосып келесіздер, — деді Елбасы.

А.Перуашев партия фракциясының биылғы Жолдаудың негізгі бағыттарын орындау, соның ішінде «Бизнестің жол картасы — 2020», «Индустриялық-инновациялық даму» бағдарламаларын одан әрі жүзеге асыруға және отандық бизнесті қолдау мақсатымен қабылданатын шараларға қатысты ұсыныстар енгізу жөніндегі жұмыстарын атап өтті.

ТАРИФТЕР ҚАЛАЙ ТӨМЕНДЕТІЛЕДІ?

Үкіметтің селекторлық режимдегі отырысында ҚР Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаев облыс әкімдеріне коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне жол бермеуді тапсырды.

«Елбасының тапсырмасын орындау барысында біраз жұмыс атқарылды. 2019 жылдың қаңтарынан бастап электр энергиясы мен газ тарифтері, оған байланысты жылу, су тарифтері төмендейтін болады. Көмір арзандайды. Мобильдік байланыс пен интернет тарифтері де төмендемек. Яғни, Мемле-

кет басшысының қойған тапсырмалары бірінші қаңтардан бастап іске асырылуы қажет», — деді Бақытжан Сағынтаев. Осы ретте Үкімет басшысы әкімдіктерге көмірдің қолайлы бағасын қамтамасыз ету үшін өңірлік операторлардың үздіксіз және сапалы жұмысын қолға алуды тапсырды. «Екіншіден, бірқатар өңірде жылдың басынан бері коқы шығару тарифтерінің өскені көрініп отыр. Мәселен, Шығыс Қазақстанда — 30, Батыс Қазақстанда — 46, СҚО — 50, Алматы қаласында 40 пайызға өсіп отыр. Жолаушылар тасымалы бой-

ынша Ақтөбе облысында жолақы 30 пайызға өскен. Сол себепті, әкімдерге облыстың коммуналдық қызметтері тарифтерінің өсуіне жол бермеуді және оларды төмендету бойынша тиісті жұмыс жүргізуді тапсырамын», — деді Премьер-Министр.

Елбасы тапсырмасы нақты қалай орындалады? Тұрғындарды алдымен мазалайтын осы сұрақ. Қызметке жұмсалатын шығын мен тауардың өзіндік құны анықтала ма? Әлде аспандаған тарифтен санаулы тиын ғана шегеріп, «Біз тарифты төмендеттік!» деп жоғарыға жалған есеп беріле ме?..

ЗАҢ БҰЗҒАН СУДЬЯЛАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Елбасы қазақстандық судьялардың бойында болуы тиіс қасиеттерді атады. Қазіргі таңда судьяларды іріктеу тәртібі қатаң түскенін, осылайша, судья лауазымына 100 үміткердің бесеуі ғана сыннан сүрінбей өткенін мысалға келтірді.

«Ант берген судьяларға айтарым, ант дегеніміз — жай ғана сөз емес. Өз іс-әрекеттеріңізде антты басшылыққа алуларыңыз керек. Судьялардың жалақысы мен оларды қамтамасыз ету мәселесі салық төлеушілер қаражаты есебінен шешіледі. Сондықтан, судьялар тиімді жұмыс істеуге тиіс. Заң бұзған судьяға ең қатал жаза қолданылуы керек», — деді Мемлекет басшысы. Қазақстан Президенті кадрлық мәселелердің бәрін

Жоғары Соттан Жоғары Сот Кеңесіне беруді ұйғарды. Судьялардың мансаптық ілгерілеуі қоғам тарапынан бағаланатын кәсіби біліктілігі мен адалдығына ғана байланысты болуы тиіс. Елбасы сот кадрларын сапалы тұрғыда жаңартуға бағытталған заң жобасын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізуді тапсырды. Қазақстан Президенті сот ісін жүргізуде және электрондық сервистер жұмысында жаңа форматтар енгізуді, сондай-ақ сот ғимараттарында фронт-кеңселер құруды тапсырды. Белгіленген міндеттердің жүзеге асырылуына бақылау жасауды қамтамасыз ету Президенті Әкімшілігіне жүктелді. Бұл орайда, сот істерінің сапалы әрі уақтылы қаралуына, сондай-ақ азаматтардың талабын қанағаттандыруға баса мән берілуі керек.

БІЛІМДІ ТЕСТІЛЕУГЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ

Келесі жылы ұлттық бірінші тестілеу төрт рет өтпек. Білім министрлігі түлектер міндетті түрде университетке түсу үшін осындай жеңілдік жасамақ. Бірақ бұл тек ақылы бөлімде оқитындарға қатысты.

2019 жылдан бастап ақылы негізде түсу үшін мектеп бітірушілерде төрт рет ҰБТ тапсыру мүмкіндігі пайда болады. Яғни, қаңтар, наурыз, маусым және тамыз айында. Төрт рет тапсыра алады. Бұл тек ақылы. Ал грантқа конкурсқа түсем десе, тек қана маусым айында дәстүрлі ҰБТ-ның сертификатымен ғана грантқа түсе алады. Қаңтарда, яғни, мектепті бітірмей тұрып тапсырған тестің

сертификатымен жоғары оқу орындарына құжат тапсыруға болады. Сондай-ақ, түлек маусымда өтетін емтиханға да қатысып, мемлекеттік грантқа таласа алады. Ал ҰБТ-ға өтініш биыл желтоқсанның 1-і мен 15 аралығында қабылданады. Алғашқы тест келесі жылы қаңтардың 15 мен 20 аралығында өтеді. Түлекті төрт тесте де ата-анасы алып жүру керек. Бұл жолы ұстаздар оған араласпайды. Және әр сынақ ақылы, үміткер 2 мыңнан астам теңге төлейді. Емтиханды үш тілде тапсыруға болады. Жалпы, ҰБТ-ның форматы, сұрақтардың саны өзгермейді. Сол күйде қалады дейді министрлік өкілдері.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫН ҚЫТАЙЛЫҚ БАСҚАРАДЫ

«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының бас директоры болып Лю Цзиньчэн тағайындалды.

Отандық өндірістің маньзыды бір нысаны — Ақтау қаласындағы ірі мұнай-газ компаниясының басшылығы ауысты. Бас директор орынтағына бұрынғы бас директордың бірінші орынбасары болып келген Лю Цзиньчэн жайғасты.

2008-2014 жылдар аралығында Лю Цзиньчэн «CNPC — Ай Дан Мұнай АҚ-тың президенті болып қызмет атқарған. 2014-2018 жылдар аралығында «Buzachi

Operating Ltd» компаниясында бас директор болған. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ — қазақстандық мұнай-газ компаниясы. Штаб-пәтері Ақтау қаласында орналасқан аталмыш компания еліміздегі ірі компаниялардың бестігіне кіреді. Бұл жаңалықты жатсына қабылдағандардың көкейінде «Отандық алпауыт өндіріс ошағын басқаратын жергілікті бір маман табылмағаны ма?» — деген сұрақ пайда болғаны анық.

ПОЛИЭТИЛЕН ПАКЕТТЕР ҚОЛДАНЫСТАН ШЫҒАРЫЛАДЫ

Қазақстан біртіндеп полиэтилен пакеттерден бас тартады. Бұл туралы Парламент Сенатында тілшілерге ҚР Энергетика вице-министрі Сәбит Нұрлыбай мәлім етті.

Бұл тұрғыда вице-министр елімізде полиэтилен пакеттеріне тыйым салу шаралары алдағы 5-10 жылда енгізілуі мүмкін екенін айтты. Еске сала кетейік, ҚР Энергетика министрі Қанат Бозымбаев та полиэтилен

пакеттерді қолданыстан шығаруға қатысты пікір білдірген болатын.

Оның айтуынша, ең алдымен мұндай пакеттерді тегін беру тоқтатылады. Яғни, адамдар аталған пакеттерге ақша төлеуі тиісті. Сонда қалай болғаны, пакеттерді алмастыратын басқа затты ойлап тапқанша 5-10 жыл бойы тұрғындарымыз онсыз да қымбат азық-түліктің үстіне қосымша ақша төлеуі керек пе?..



АНАЛАР АЛТЫН АЛҚАДАН НЕГЕ БАС ТАРТТЫ?

Алматы облысында алтын алқадан бас тартқан аналарға қатысты дау шыққаны жайында КТК телеарнасы хабарлады. Марапаттың орнына, баспана даулаған әйелдерді әкіммен кездесуге шақырып алған қоғамдық ұйым басшылары күтпеген жерден олардың өздерін жерден алып жерге салды.

15 жылдан бері үй кезегі жылжымай, көзі жасқа толған көпбалалы аналар алтын алқадан бас тартып, әкімге қайтарған кездесудің соңы қып-қызыл жанжалға ұласты. Шенділер бастаған қоғамдық ұйым басшылары әйелдердің адалдығына күмән келтіріп, некесіз бала тапқандарын бетке басты. Көптің көзінше көпбалалы аналардың намысына тиіскендерге Талдықорған әкімі қой деуге жарамады. Керісінше, алтын алқа иегерлеріне арналған мемлекеттік бағдарлама жоқ деп шорт кесті. «Бұндай құрметтің керегі жоқ. Сайтында 130 боп тұрмын. Ал ЦОН-ға барсам 258-ші боп тұрсың дейді. Кейін өз қолдарымен түзеп берді», — дейді көп балалы ана Айнагүл Токпанбетова. Кезекті қаламмен түзегендер бәрін тексеріске жаба салды. Ал қазақтың санын көбейтіп, ұрпақ жалғасына үлес қосқан аналар құр қол қайтты.

Алматы қалалық Қоғамдық денсаулықты қорғау департаменті жақында азық-түлік қауіпсіздігі бойынша кезекті мониторинг жұмыстарын жүргізді. Рейд жұмыстары басталысымен-ақ қаладағы саудасы қызу жүріп жатқан екі дүкеннен алынған тауық етінен Salmonella таяқшаларының бірден екі түрі табылғанын хабарлады ҚазАқпарат. Аса қауіпті деп есептелетін бұл бактерияның қоғамдық тағамдану және сауда орындарынан анықталуы бұл бірінші рет болып отырған жоқ. Іш сүзегі сияқты қатерлі ауруға алып келетіндіктен тұрғындарымыздың өміріне қауіп төндіретіні айтпаса да белгілі. Бірақ, біздің елімізде онымен күрес әлі де нақты нәтиже беретін түрі жоқ...

желерді сақтамағаны белгілі болды. Алматыда бір жылға жетпес уақытта 164 субъектіге қатысты әкімшілік іс қозғалса, 34 іс сот орындарында қаралыпты. Жалпы алғанда 13,6 млн. теңге көлемінде айыппұл салынып, айналымнан жалпы құны 2 млн. теңге болатын 5 мың 277 келі тауар алынып тасталып, сауда орындарынан алынған 2469 сынамадың 35,6 % техникалық регламенттерге сай болмай шыққан. Қунарлық көрсеткіш емес, керісінше жантүршігерлік жағдай. Бұл қала тұрғындарының өміріне қатер төніп тұр деген сөз. Ашығын айтсақ террорлық әрекеттерден әрмен оқиға. Бір жарылыстан бес адам қаза болса, мына жағдайда мыңдаған адамдардың өмірі қыл үстінде тұр деуге негіз бар.

Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті анықтаған сапасыз өнімдердің қатарында отандық

нарығына жөнелткен шошқа, сиыр етінен, піспе және қақталған шұжықтарынан, Қырғызстанның сарымайларынан ішек таяқшалары табылғанын білеміз. Жылдам дайындалатын ресейлік кеспе мен емдік шайдың құрамынан адам ағзасына зиянды улы заттар табылған. «Биг-бон» тағамынан ішек таяқшалары анықталса, емдік шайдың құрамындағы мышьяқтың үлесі қалыпты мөлшерден екі есе көп болып шықты.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулықты сақтау комитетінің төрағасы Жандарбек Бекшиннің айтуынша, отандық құс өнімдерін екі бірдей министрлік тексерді. Тауарды өндіру процесін Ауыл шаруашылығы министрлігі бақыласа, Денсаулық сақтау министрлігі дайын өнімді тексеріп отырады. «Бұдан бөлек, біздің территориялық органдарымыз

жердің түбінен келеді. Бірақ бағасы арзан. Неге десеніз, олар көбінесе стратегиялық қордағы 10-20 жылға мұздатып, консерванттар қосып сақтайтын еттер. Сол себепті де олардың сапасы өте нашар» - дейді белгілі маман. Демек, уақыты өтіп кеткен, сапасыз, ешкімге керегі жоқ өнімді бізге жібереді, осыған жол берген жауапты тұлғалар, мемлекеттік органдар өз халқының денсаулығына бастары ауырмайты деген сөз. Осы жерде біздің ет өніміне деген шетелдіктер тарапынан сұраныс өсіп отырғанын айтуымыз керек. Өйткені біздің ет өнімдері экологиялық жағынан таза. Ал, біз болсақ өзгелердің сапасыз, 20-30 жыл «сүрленген» өнімдерін арзанға алғанымызға мәзбіз. Бұл үнемнің соны немен аяқталады? Уланған адамдарымыздың денсаулығын түзетуге сол тапқан пайдадан

айтпағанда, Астана қаласының қак ортасындағы балалардың №3 мектеп-гимназиясы асханасынан улануына байланысты қылмыстық іс қозғалғанын білеміз. Өткен жылдардың бірінде бұл жөнінен рекордтық көрсеткіш болғаны белгілі. Дарынды балаларға арналған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық мектеп-интернаты кешенінде тамақтан уланған балалардың саны 126-ға жетті емес пе. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Осындай келеңсіз көріністер орын алмас үшін не істеу керек? Адамдарымызды сапасыз тағамдардан қалай қорғауға болады? Бұл сұрақ еліміз егемендік алғаннан бері күн тәртібінен түсіп көрген емес. Яғни, түпкілікті нәтижеге қол жеткізе алмай келеміз. Бұған жауапты құзырлы орындармен бірге Парламент депутаттары алаңдаулы. Мәжілісте осы мәселеге тікелей қатысы бар «Стандарттау туралы» заң жобасы талқыланды. Жиынға қатысушылар Қазақстанда стандарттау дұрыс жолға қойылмағандықтан, елімізге сырттан әкелінетін тауарлар нарыққа бей-берекет еніп жатқандығын ашық айтты. Шын мәнінде, әрбір адам үшін кез келген тауардың қауіпсіздігі бірінші орында. Сондықтан бұл мәселе ешқашан өзектілігін жоймақ емес.

«Стандарттау туралы» заң жобасы таныстырылған жиында Мәжіліс депутаты Азат Перуашев стандарттау жүйесіндегі кемшін тұстарын атады. Ең алдымен, депутат шетелдік тауарлардың елімізге жүйесіз енгізілетіндігін, ал қазақстандық экспорттаушылар керісінше, өнімдерін сыртқа шығаруда кедергілерге тап болатындығын ашық айтты. «Қазақстандық кәсіпкерлер өз өнімдерін шекара асыру үшін сертификация алып, бірыңғай реестрде тіркелу керек екен. Енді міндетті каталог енгізілгенімізді қолдауымыз керек. Шетел тауарларын бей-берекет әкеле беру бізге тиімсіз. Мұны мұқият қарастыру қажет», - деді Азат Перуашев.

Жалпы, өнімнің сапасын көтерудің негізгі тетігі — стандарттау және сертификация. Нормативті құжаттармен бекітілетін стандарттар өнімнің шығарылуына қойылатын талаптар. Ал әрбір кәсіпорын өнім шығару барысында заңмен бекітілген стандарттау ережелеріне бағынуы шарт. Заңмен қажетті ережелерді бекітіп бергенмен соның нақты орындалуы жоқ. Оны орындамасак заңнан не пайда? Заң қабырғаға сән үшін іліп қоятын ұран емес, ол міндетті түрде мүлтіксіз орындалуы керек. Қадағалаушы орындар кемшіліктерге көз жұмып қарайды. Әрине, тегін емес, сол үшін бірденесін алады. Мектеп асханаларына қызмет көрсететін кәсіпкерлерді тандағанда тендер дұрыс өткізілмейді. Сол баяғы тамыртаныстық, кімнің қолы ұзын, кімнің қалтасы қалың, пайдакүнемдер өтіп кетеді. Алдымен осы кемшіліктерге назар аударғанымыз жөн.

Ия, адам денсаулығы ақшаға сатылмайды. Ал сапасыз тағам өнімдерін тұтығандар керісінше өзіне ауру алады. Сондықтан сапасыз тағам өнімдерінің жолына шұғыл тосқауыл қою қажет. «Ас — адамның арқауы» - деп ата-бабаларымыз босқа айтпаған. Ұлт денсаулығы, ұлт болашағы осыған тікелей байланысты екенін ұмытпайық.

САПАСЫЗ ТАҒАМ ӨНІМДЕРІНЕ ТОСҚАУЫЛ КЕРЕК

Медициналық анықтамаларға қарасақ, Сальмонеллез — жұқпалы ішек ауруы. Аурудың қоздырғышы — сальмонелла тобына жататын таяқшалы бактериялар. Бұл бактерияларды алғаш рет 1885 жылы америкалық ғалымдар Дж.Смит пен Д.Е. Сальмон обаман ауырған шошқалардан тапқан. Қазіргі кезде оның 2500-ден астам түрлері анықталған. Сальмонеллалар сыртқы ортада қолайлы жағдай туса, көбейе береді. Олар суда 5, ет-шұжық, сары майда 4 айға, сүтте 20 күнге, ірімшікте 1 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Малға беретін жемдерде 10 ай, топырақта 18 айға дейін сақталады. Ауру, әсіресе, нәрестелер мен қарт адамдарға қиын соғады. Бір жарым ғасыр бұрын анықталып, оны емдеудің жолдары баяғыда табылғанмен осы бір індетке 21 ғасырда қарсы тұра алмай — ұят нәрсесі. Бәрі де өзіміздің салғырттығымыздан, ең бастысы ақшаға деген тойымсыздықтан туындап отырған жағдай. Қоғамдық тағамдану мен сауда орындарында санитарлық нормалардың сақталмауы, оны қадағалауға тиісті құзырлы орындардың жауапсыздығы осыған басты себеп екенін ашық айтқанымыз жөн. Азын-аулақ болып тұратын кезекті тексерулерге қарасақ оған анық көз жеткіземіз. Мысалы, «Смағұлов» ЖК, «Заманбеков» ЖК (Жетісу ауданы) дүкендеріндегі тауықтың сан етінен адам үшін қауіпті Salmonella enteritidis, С1 тобындағы Salmonella бактериялары табылған. Сатушыларда бұл өнімнің қауіпсіздігі туралы құжаттары да жоқ болып шыққан. Дүкен иелеріне айыппұл салынып, осы өнімдерді жеткізушілерді анықтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатқанмен түпкілікті нәтиже жоқ. Сондай-ақ тексеру барысында қаладағы үш дүкен: «Оразалин» жеке кәсіпкерлігі (Әуезов ауданы), «Гусев» жеке кәсіпкерлігі (Бостандық ауданы) және «Ақмарал» дүкенінен (Медеу ауданы) пайдалану мерзімі өтіп кеткен тамақ өнімдері анықталған. Бұл да түрлі аурулардың таралуына, адамдардың астан улануына алып келетін жағдай. Мамандардың айтуынша, жалпы Алматы қаласы бойынша 6 тағам өндіруші кәсіпорынның санитарлық ере-

өнімдермен бірге Ресей, Беларусь және өзге шет мемлекеттерден импортталған тауарлар да бар екенін анықтады. Бұл жерде Қытайда өндірілген тауарлар туралы сөз қозғаудың өзі артық. Жасыратыны жоқ, қазақстандық нарықта импорттық тауарлардың үлесі басым екені белгілі. Әсіресе шекара асып келген өнімнің сапасы мен азық-түліктің қауіпсіздігі назардан тыс қалып жататыны өкінішті. Өйткені алыпсатарлар арнайы зертханалық сынақтан өтпеген өнімдерді сапасы мен қауіпсіздік тексерісін, арнайы құжаттарын сұрамастан, сатып алып келе береді. Ал бұл тұтынушылар үшін аса қауіпті екенін ойламайды. Мамандар елімізге сырттан келетін азық-түлік өнімдерінің сапасын тексеріп отыру керектігін үнемі еске салғанымен талап орындалмайды. Тағам түрлерінің қайдан және қандай жолмен әкелінетіндігі, оның адам денсаулығына қаншалықты пайдасы немесе зияны бар екендігіне де қарамайды, оларға ақша тапса болғаны. Қалтасын қалыңдатқан пайдакүнемдер өз ұлтына зиян әкеліп жатқанын неге ескермейді? Бұл да сол алдында айтқан — тойымсыздықтың белгісі.

Сырттан келген тауар сапасына сенім аз, әсіресе азық-түлік өнімдеріне сақ болғанымыз жөн. Мысалы, азық-түлік тауарларына қатысты арыз-шағымдар көбейіп кеткен 2016 жылы Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті сатылымда тұрған май мен сүт тағамдарына жаппай зертханалық сараптама жүргізгені есімізде. Сыналған 40 796 өнімнің 6 мыңға жуығы, яғни 14 пайызы техникалық регламентке сай болмаған. Оның басым бөлігі — шеттен келген сүт өнімдері. Нәтижесінде, өндірушілер мен саудагерлерге де 79 млн. теңге көлемінде айыппұл салынып, 25 тонна сапасыз өнім жойылды. Ал осы тексеріс жүргізілмегенде не болар еді? Қазір де аталмыш салада жағдай түзелді деп айту қиын, тексеріс жүргізілген сайын көптеген занбұзушылықтар шыға келеді.

Бұрындары Қытайдың сапасыз өнімдерімен күресек, енді бұл тізімге өзге де алыс-жақын шетелден келетін азық-түліктер де қосылды. Бұған дейін Ресейдің қазақ



құс фабрикаларына жиі барып тұрады. Сонда отандық өнімдер үш бірдей тексерістен өтеді. Алайда, импорттық тауарды тек дүкенге түскенде ғана бақылауға алады. Соның салдарынан елімізге сапасыз тауарлар жеткізіледі. Бізге Ресей мен Беларусьтен құс еті көп келеді. Оның ішінде сапасыз, тіпті адам денсаулығына қауіпті өнімдер аз емес», - деген болатын Ж.Бекшин «Атамекен» ҰҚП-сында өткен кездесуде. Оның айтуынша, тауардың құрамы мен сыртқы жазуларына қатысты да бірқатар тәртіп бұзушылықтар анықталған.

Халықаралық қарым-қатынастардың дамуына байланысты елімізге жақын шетелдерден басқа, сонау алыс АҚШ, Австралия, Бразилия, Парагвай сияқты елдерден де тауарлар келіп жатады. Біз негізінен аграрлы ел болып саналғанмен, ауылшаруашылығы өнімдерін шеттен көп сатып аламыз. Мамандардың айтуынша 1990 жылмен салыстырғанда 2014 жылы ірі қара малы 59 пайызға, қой мен ешкі 49 пайызға, ал құс саны 57 пайызға кеміп кеткен. Бұл туралы деректер бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып, айтылып та келеді. Тек соңғы жылдарда ғана сәл өсу байқалады. Бір ғана ет өнімін алайық, оның басым бөлігі сырттан әкелінеді. Қазақ Ұлттық аграрлық университеті азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі және тағам қауіпсіздігі кафедрасының жетекшісі Әсия Демеханқызы — шетелден жаппай импортталып жатқан ет өнімдерінің сапасы төмен екенін айтады. «Ет Қазақстанға

жүз есе көп шығын шығатынын неге ойламаймыз? Сондықтан жергілікті таза азық-түлікпен алдымен өзімізді толықтай қамтамасыз етуіміз қажет, артығын экспорттаса болады. Көбірек ақша табамыз деп таза өнімдерімізді өзгеге беріп, олардың сапасыз өнімдерін өз халқымызға беру — қастандық жасаумен бірдей қимыл.

Сапасыз тамақ өнімдері әсіресе балалардың денсаулығына қатерлі. Биыл еліміздегі мектеп асханаларын тексерген Денсаулық сақтау министрлігінің қорытынды мәлімдемесі адам шошырлық. Тексеріс барысында мамандар адам ас ішуге болмайтын төрт мың асхананы анықтаған. Қара тізімге енген асханалар оқушыларға тамақты өте лас жерлерде дайындаған және оны сақтау мерзімі өтіп кеткен азық-түлікпен әзірлегені белгілі болды. Аспаздар жеке гигиенадан мүлдем хабарсыз болып шыққан. Сол үшін мыңдаған кәсіпкер жауапқа тартылып, 291 адам жұмыстан қуылды. Шенеуніктер бұл мектептердегі былықтың бер жағы ғана дейді. Әлі тексерілмеген екі мыңға жуық асхана бар. Заң бойынша оларды жылына екі рет ғана тексере алады екен.

Жасыратыны жоқ, біздің мектептеріміз бен балабақшаларымыздағы асханаларында улану жиі болып тұрады. 2018 жылдың 18 мамыры күні Қызылорда облысы Жанақорған ауданы, Келінтөбе ауылындағы №192 орта мектептің 25 оқушысы жаппай тамақтан уланды. Аймақтар мен алыс ауылдарды

«АҚ ЖОЛ» АЛАШТЫ НАҚТЫ ІСПЕН ҚОЛДАЙДЫ

Ақтөбеде «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» атты жалпыұлттық байқаудың екінші кезеңі өтті

«Ақ жол» партиясының ұйымдастыруымен Ақтөбедегі А.Жұбанов атындағы университетте «XXI ҒАСЫРДАҒЫ АЛАШТЫҢ АҚ ЖОЛЫ» атты Жалпыұлттық байқауының II-кезеңі өтті.

Айтулы іс-шараға «Ақ жол» ҚДП төрағасының орынбасары, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Берік Дүйсембинов, сондай-ақ партияның Орталық кеңесінің хатшысы Арман Скабылұлы, «Ақ жол» ҚДП Ақтөбе филиалының төрағасы Асқар Садықов және осы облыс әкімдігінің өкілдері қатысты.

Биыл байқауға республика бойынша 150-дей зерттеу жұмыстары түскен. Бұл – рекордтық көрсеткіш! Соның ішінде мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік шыққан 34 қатысушының жұмысы II-

кезеңге жолдама алды. Жас алаштанушылардың жұмысына арнайы құрылған комиссия баға берді. Оған белгілі алаштанушы ғалым Қайырбек Кемеңгер, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, тарихшы Мәден Асылбек және жергілікті ақын Бижан Қалмағанбет мүше болғанын айта кету керек.

Дәстүрлі түрде өтетін бұл байқау кейбір ерекшеліктерімен комиссия құрамындағы төрешілердің аса қызығушылығын тудырып, назарын аударды. Себебі бұрын-соңды зерттелмеген тың тақырыптар көтерілді.



– Жиырманың төңірегіндегі жастар «Алашордалықтар идеясы мен Стивен Кови идеясына психологиялық салыстырмалы талдау» немесе «Мағжанның Мәскеудегі ағартушылық қызметі» атты зерттеулерін ортаға салғанда көпті көрген Қайырбек Кемеңгер мен Амантай Шәріп секілді алаштанушылардың өзі бас шайқады. Сүйсіндік. Ертеніміздің осы жастардың қолында екенін түйсініп, қуандық. Мағжан да соны меңзеген-ау: «МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН!», – дейді байқауға баға берген партияның ОК хатшысы Арман Скабылұлы.

Сонымен, байқау қорытындысы бойынша, 12 үміткер III-кезеңге жолдама алды. I-номина-

ция бойынша: Бекжанова Нұргүл, Сүлейменов Әзизбек, Айманов Бауыржан; 2-номинация бойынша: Жылқыбаев Асылболат, Мейрамбекова Динара, Қайрат Динара; 3-номинация бойынша: Мырзағали Абай, Кенжебаева Алтынай, Уәлиев Талапкер; 4-номинация бойынша: Әлібек Байбол, Нәмет Бағлан және Жастлек Нәдия.

Бұл байқауда жеңілген қатысушы болған жоқ. Ақтық кезеңге өте алмаған жастардың өздері «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашевтің Алғыс хатымен марапатталып, ақшалай сыйақылар табысталды.

Ал, алаш қайраткерінің ұрпағы, ғалым Қайырбек Кемеңгер:

«Алашқа ынтызар ізденушілер барына, Алашты зерттеуге ұмтылған жастарды қолдаған азаматтарға дән риза болдық. «Ақ жол» партиясы сөзбен ғана емес, іспен де Алашты қолдайтынын дәлелдеді тағы. Сәбит Байдалы марқұм ағамыз негізін салған керемет жоба жылдан жылға кеңейіп, көркейіп өсіп, жана алаштанушы есімдерді таныта берсін», – деп өзінің ажарма тілегін білдірді.

Еске сала кетейік, ұлттық байқаудың финалдық кезеңі еліміздің Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында 14-желтоқсан күні Астанада өтеді деп жоспарлануда.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі



ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ АДАМЗАТ ӨРКЕНИЕТІНЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІН ЗЕРДЕЛЕУІМІЗ КЕРЕК

«Ақ жол» фракциясы қазақ елінің адамзат өркениетіне қосқан үлесін зерделеуге арналған жыл сайынғы жалпыұлттық байқауын ұйымдастыруды ұсынды «Ақ жол» фракциясы қазақ елінің адамзат өркениетіне («Прогрессивті Қазақстан») қосқан үлесі мен орасан жетістіктерін зерделеуге арналған жыл сайынғы жас ғалымдардың жалпыұлттық байқауын ұйымдастыруды ұсынады – тиісті депутаттық сауалды Мәжілістің пленарлық отырысында Берік Дүйсембинов мәлімдеді.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІНЕ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІНЕ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Ұлттық ұстанымы бар көптеген адамдар үшін Нұрсұлтан Әбішұлының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы нағыз жаңалық болды.

Бірнеше буын ұрпақтарының ұғымында ұлттық тарихымыз қазақ халқының бастан кешкен бітпейтін қасіреті мен трагедиялық оқиғалары деп қабылданып жүр.

Бұл кайғы-қасірет қазақтың басына түскен шарасыз тағдыры деген жалпы пікірді қалыптастырды.

Мұндай көзқарасқа түрткі болған тарихи негіздер жеткілікті: бұл Ақтабан-шұбырынды заманы, алапат ашаршылық, 30-шы жылдардағы саяси қуғын-сүргін, «Алаш» қозғалысы көшбасшыларының құрбан болуы, Желтоқсан оқиғасы және 80-ші жылдардағы қазақ жастарын қудалау...

Мүмкін, сол себептен болар, біз әлі күнге дейін ұлттық тарихымызды азап шегудің тарихи концепциясы аясында аман қалу үшін бітпейтін күрес деп түсінеміз.

Алайда, Мемлекет басшысы тарихи позитивизм тұрғысынан өткеннің жаңа тұсын көрсетіп берді.

Оның үстіне, Президент әрбір сөзді мысалдармен дәлелдеп, нақты деректерге сүйене отырып, толық ашылмаған дүниелерді ғылыми тұрғыдан зерттеуге шақырып отыр.

Кейбір келтірілген мысалдар бұрыннан белгілі, алайда тек Нұрсұлтан Әбішұлы ғана бір жүйеге біріктіріп, біртұтас тегікте қарастырды.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы, көне металлургия мен зергерлік өнер, егіншілік шаруашылығы мен қала құрылысы дәстүрі, Ұлы жібек жолында өркениет пен технологиялардың түйісуі...

Алған әсерімізге сүйенсек, Президенттің мақаласы арқылы біз бұрын көзге ілмей, мән бермеген, ал Елбасы өуелден назар аударған дүниеге қайта қарап, саралауға тура келді.

Және бұл өткенді саралау, салыс-

тыру ұлттық рух пен абыройымызды асқақтатты. Сөйтсе, біздің тарих тек қанды шайқаспен келген жеңістерімен ғана емес, ашықтығымен, ақыл-парасатының, ой-өрісінің биіктігімен, жалпы адамзаттық цивилизацияның қарыштауына ықпал еткен жаңалықтарымен, шаруашылық салты және тұрмыс сапасымен де даңқты екенін түсіндік.

Бұрын біздер ұлттық ұстанымы бар адамдардың атына айтылған ксенофобия, қазақтың трагедиясының зарлаушысы деген сынды жиі еститінбіз. Алайда Президенттің мақаласы күн тәртібіндегі ұлттық тақырыпты түбегейлі өзгертеді: бұдан былай ұлттық мүддені көздеушілер прогресшіл және новаторлыққа қабілетті тұлға екенін дәлелдейді.

Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің теңдессіз зерттеуі арқылы тарихи ғылымның жана бағытын ашып берді, атап айтсақ: күллі адамзаттың дамуына ықпал еткен және қазіргі Қазақстанның аумағында болып өткен қасіретті ғана емес, позитивті ерліктерді зерделеуге жол ашты.

Бұл көп жұмыс пен кәсібилікті талап етеді, өйткені шайқастар мен қайғы-қасіретке қарағанда жағымды жаңалықтар ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып, бейне бір міндетті сияқты болып қалады. Сондықтан болар, замандастардың жадында жарқын түрде есте сақталып қала бермейді.

Президенттің атқарған еңбегі

неғұрлым құнды болған сайын, соғұрлым оны көпшіліктің күш-жігермен жалғастыру лайықты болмақ.

Осыған орай, «Ақ жол» фракциясы қазақстандықтардың келешек ұрпағы үшін тарихи позитивизмнің маңыздылығын ескере отырып, қазақ елінің адамзат өркениетіне («Прогрессивті Қазақстан») қосқан үлесі мен орасан жетістіктерін зерделеуге арналған жыл сайынғы жас ғалымдардың жалпыұлттық байқауын ұйымдастыруды ұсынады.

Байқау барысында студенттер мен жас мамандар зерттеу нәтижелері туралы баяндама жасап, өздерінің тұжырымдарын ашық ғылыми талқылауда қорғап, тарихи шындық пен ойдан шығарылған қиялдың ара жігін ажыратып, өзінің кәсібилігі мен Қазақстанның тарихын позитивті, яғни жағымды жағынан танытуға қосқан үлесіне сай мемлекеттің қолдауына ие болар еді. Байқау номинациялары «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласына сәйкес белгіленсе: мұрағат-2025, ұлы есімдер, түркі әлемі, өнер және технологиялар.

«Ақ жол» фракциясы өз әріптестерін алда келе жатқан Тұңғыш Президент күнімен құттықтай отырып, Қазақстан халқына бақ пен береке және толағай табыстар тілейді!

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары

Бүгінгі күрделі, сан-салалы қоғам өмірінде жылдар өткен сайын техника мен технологиялар жылдам дамып, жаңа мамандықтар пайда болып, кәсіптің көптеген түрі тұрмысымыздың төрінен орын алып жатыр. Заман талабына төтеп беру қиын, оған қарсы тұрудың да қажеті жоқ шығар. Бірақ қанша жерден жаңалық жайлағанмен, ескірмейтін, өшпейтін мамандықтар мен кәсіптер де баршылық. Өйткені, ол адамзатқа аса қажет, маңызы мен құндылығын жоғалтпайды. Соның бірі – мұрағат ісі. Бүгінгі әңгіміміз көзге көріне бермейтін, көбінесе тасада қалатын осы мұрағат жайында болмақ.

Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертеңіміз де болмайды. Бұл адамзат атаулының ғұмырлық тәжірибесінен туындаған тұжырым. Өкінішке орай, өткеннің ізін жоғалтып алып, тарихымызды түгелдей алмай жатқан кездеріміз жиі кездеседі. Оған бір жағынан уақыт алшақтығы себеп болса, енді бірде өзіміздің құнтсыздығымыз кесірін тигізіп жатады. Бүгінгі күніміз де ертеңдер тарих қойнауына кіріп, келер ұрпақ үшін жұмбақ дүниеге айналуы жаппа емес. Міне, дәп осы тұста

177862 сақтау бірлігінен тұрды. Бүгінгі күні мүлдем басқаша, 2012 жылдан мұрағат заманауи барлық талаптарға жауап беретін арнайы салынған жаңа ғимаратқа ие болды. Ару Алматының орталығындағы Бауыржан Момышұлы мен Тұрар Рысқұлов даңғылдарының қиылысында орналасқан. Құжаттарды дұрыс сақтау үшін температуралық бақылау, өртке қарсы құрылғылар тәулік бойы жұмыс істейді. Лайықты жағдайға байланысты мұрағат жұмысы жандана түсті. Қазір 18



ТАРИХПЕН ТАМЫРЛАС, ӨМІРМЕН ӨЗЕКТЕС

бізге тарихшыларымыздың еңбектері мен мұрағат, мұражай қызметі көмекке келеді. Өткенімізді өшірмей, сол қазқалпында келер ұрпақтың қолына табыстайтын да осы мұрағат пен мұражайлар.

Жасыратыны жоқ, бір кездерде осы бір маңызды іске немқұрайлы қарап, мұрағат ісін соңғы сатыға қойып, оған баса мән бермеген күндер де болды, нәтижесінде қаншама құнды құжаттар жоғалып кетті. «Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» демекші, әсіресе кеңестік кезеңнің соңы мен тәуелсіздік алған алғашқы жылдар мұрағат ісі көптеген қиындықтарға тап болғаны белгілі. Қысқа жіп күрмеуге келмеген кезеңде материалдық, қаржылық тапшылыққа байланысты сала жұмысының босаңсып кеткені бәрімізге белгілі. Жалғыз мұрағат ісі емес, еліміздегі экономикалық құлдырауға қатысты барлық сала бойынша қиындықтардың болғаны аян.

Шүкіршілік, бүгін бойымызды тіктеп, етек-жеңімізді жинайтын жағдайға жеттік. Мұрағат саласында да оң өзгерістер пайда болып, мақсатты жұмыс істей бастады. Оған Алматы қаласы мемлекеттік мұрағатының бүгінгі қызметі нақты дәлел бола алады.

Мұрағат тарихына көз жүгіртсек 1982 жылдың 29 қаңтарында қалалық атқару комитетінің №3/51 шешімімен Алматы қалалық Орталық мемлекеттік мұрағаты құрылған екен. Алғашқы жылдар штат саны небары 18 адамнан тұратын. Ал мұрағаттың көлемі бар-жоғы 188 шаршы метр ғана болатын. Мұрағат өз тарихында біртіндеп дамып, 1998 жылдың көктемінде жалпы ауданы – 2230 м² құрайтын және сөрелік ұзындығы – 4458,04 метрді құрайтын, қайтадан жаракталған бұрынғы балабақша ғимаратына көшірілді. 1999 жылдың 1-шілдесіндегі мәлімет бойынша: мұрағат 279 қор,



Мұрағат тарихына көз жүгіртсек 1982 жылдың 29-қаңтарында қалалық атқару комитетінің №3/51 шешімімен Алматы қалалық Орталық мемлекеттік мұрағаты құрылған екен. Алғашқы жылдар штат саны небары 18 адамнан тұратын. Ал мұрағаттың көлемі бар-жоғы 188 шаршы метр ғана болатын. Мұрағат өз тарихында біртіндеп дамып, 1998 жылдың көктемінде жалпы ауданы - 2230 м² құрайтын және сөрелік ұзындығы - 4458,04 метрді құрайтын, қайтадан жаракталған бұрынғы балабақша ғимаратына көшірілді. 1999 жылдың 1-шілдесіндегі мәлімет бойынша: мұрағат 279 қор, 177862 сақтау бірлігінен тұрды. Бүгінгі күні мүлдем басқаша, 2012 жылдан мұрағат заманауи барлық талаптарға жауап беретін арнайы салынған жаңа ғимаратқа ие болды. Ару Алматының орталығындағы Бауыржан Момышұлы мен Тұрар Рысқұлов даңғылдарының қиылысында орналасқан. Құжаттарды дұрыс сақтау үшін температуралық бақылау, өртке қарсы құрылғылар тәулік бойы жұмыс істейді. Лайықты жағдайға байланысты мұрағат жұмысы жандана түсті. Қазір 18 ірі сақтау қоймалары бар, жалпы көлемі 19300 шаршы метрді қамтиды. Сол сияқты қор саны екі мыңға таяп, сақтау бірлігі бір миллионнан асып жығылды. Оның ішінде 110 жеке тектік қор бар.



ірі сақтау қоймалары бар, жалпы көлемі 19300 шаршы метрді қамтиды. Сол сияқты қор саны екі мыңға таяп, сақтау бірлігі бір миллионнан асып жығылды. Оның ішінде 110 жеке тектік қор бар. Олардың қатарында Кәукен Кенжетасов, Гүлфайрус Исмаилова секілді өнердің бірқатар белгілі өкілдерінің деректік қоры сақталған.

Мұрағат қорының сапалы құрамы мен ақпараттылығын түбегейлі жақсартудағы шараларды жүзеге асыру барысында Алматы қаласы мен Жетісу өлкесінің тарихына байланысты құжаттар мен материалдарды, шетел мұрағаттары мен ғылыми мекемелерінен көшіріп алуға аса зор назар аударылады. ҚР Ғылым және Білім Министрлігінің Тарих және Этнология Институтының ғалымдарының кеңесі мен ҚР Ғылым және Білім Министрлігінің Шығыстану Институтымен іскерлік ынтымақтастық өз нәтижелерін берді. Ресей, Қытай, Франция, Түркия, Ұлыбритания сияқты мемлекеттердің мұрағаттық мекемелері мен кітапханаларына экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде Қазақстанда кездеспейтін,

бірегей құжаттардың көшірмесінен құралған 600 сақтау бірлігі мұрағатқа келіп түсті.

«Әрине, мұрағат әдетте жабық мекеме қатарына кіретіні жасырын емес. Өйткені неше түрлі құнды және құпия құжаттар сақталады. Дегенмен, заман талабына орай біз барынша ашықтықты қамтамасыз етуге тырысамыз» – дейді мұрағат директоры Абзал Ботанов. Шынын деп, мұрағат құнды құжат қоймасы есігіне қара құлып салып қоюға болмайды. Ол халыққа қызмет етуге тиісті. Осындай ашықтықтың арқасында мұрағат құжаттарын пайдалану барысында дипломдық, ғылыми жұмыстар жазылып, өзге де құнды деректер көпшіліктің игілігіне айналып келеді.

– Мұрағат ісінің өз ерекшеліктері көп. Қазіргі күн талабы жаңа міндеттер қойып отыр. Негізгі қызметіміз тарихпен тамырлас жатқанмен, бүгінгі өмірмен де өзектес болуы шарт. Онсыз сала жұмысы қанатын кең жая алмайды. Сондықтан біз өнер, ғылым басқа да көптеген сала өкілдерімен жиі кездесіп, шаралар ұйымдастырып тұрамыз. Бұл мұрағат қорын толықтыруға өз септігін тигізеді, – дейді мұрағаттың бас сарапшысы Ләйла Рахипова.

Сондай айтулы шаралардың біріне, «Шыңғыстаудың шынары» атты кітаптың тұсаукесер рәсіміне біз де куә болдық. Кітап авторы – Ардаби Мәулен. Айта кетелік, кітап осы қалалық мұрағат қорында сақталған құжаттар мен деректер негізінде жазылған. Бұл көлемді еңбектің және осы кештің басты кейіпкері – Абай аудандық халық театрының, республикалық Халық музыка аспаптары мұражайы мен «Сазген» көне аспаптар ансамблінің негізін қалаушыларының бірі, сазгер, сырнайшы, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш аспаптанушы-этнолог, Қазақстанның Мәдениет қайраткері, тарих ғылымдарының кандидаты Зәбира Жәкішевамен кездесу тартымды өтті. Зәбира Сыпатайқызы Мәскеу қаласында өткен дүниежүзілік фестивалдің дипломанты, сол сияқты Индия, Югославия, Швейцария сияқты бірқатар елдерде табысты өнер көрсеткен. «Аспаптану» ғылыми зерттеу, «Жастық шақ әуендері», «Шыңғыстаудың ән самалы» атты өлеңдер жинақтары жарық көген, оннан астам әннің авторы. Шараға ҚР Мәдениет қайраткері, аспап жасаушы Жолаушы Тұрдығұлов, Мәдениет және мұрағаттар басқармасының бас маманы Мөлдір Ондасынова, мәдениеттанушы Сәуле Мерекке, мұрағат ұжымы, баспасөз өкілдері мен қала тұрғындары қатысты.

Кеш соңында шараға қатысушылар мұрағат жұмысымен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Қазіргі талаптарға сай жаракталған қор қоймалары, әртүрлі тақырыпта ұйымдастырылған көрмелерді көріп қалалық мұрағаттың бүгінгі тыныс-тіршілігіне қанықтық. Осыған қарап, бұрындар онша біле бермейтін мұрағат саласының маңыздылығы мен аса қажеттілігіне біз тағы бір көз жеткізгендей болдық. Өткен мен бүгіннің арасындағы алтын көпірге айналған мұрағат ісіне сәттілік тіледік.

Зейнолла АБАЖАН

1-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні

Елбасы – Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев арқылы күллі әлем тәуелсіз елімізді әлемдік алып кеңістікте, халықаралық деңгейде танып, бәсекеге қабілетті табысты ел ретінде мойындап отыр. Ел басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек», – деген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында асқақ рух, соны серпін берген тағылымды сөзі әрбір қазақстандықтың, «Мәңгілік ел» жастарының күнделікті көкейінде жүретін қанатты сөзіне айналуы тиіс деп ойлаймын. Патриотизм ортақ тарих пен мәдениеттен, тілден, ұлттық құндылықтардан, отбасынан бастау алады. Белсенді жасампаз патриотизм елдің жетістіктерімен, біздің дәуірдің қаһармандарының нақты істерімен қуатталып отыруы тиіс.

ДАНАЛЫҚ ПЕН ДАРАЛЫҚ

Ақиқатында Елбасының еліміздің дамуына аянбай еңбек етіп, Отанымызды әлемге танытудағы еңбегі ұшан-теңіз. Іргелі идеялар нақты жобаларға айналып, «Қазақстан – 2030» стратегиялық даму бағдарламасы, бәсекеге қабілетті Қазақстан, интеллектуалдық ұлт, «Мәдени мұра», индустриялық-инновациялық даму ел болашағын айқындады. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына, Ислам Конференциясы Ұйымына Қазақстанның төрағалығымен Нұрсұлтан Назарбаевтың өлшеусіз еңбегі дәйектелді. Аталмыш жағдайды халықаралық саяси аренаға осындай көрсеткіштермен шыққан дамушы елдермен салыстырсақ, олар қысқа уақытта мұндай саяси табыстарға жеткен емес.

Бүгінгі тәуелсіз дәуірдегі Қазақстан жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған барша тиімді тұстар мен мүмкіншіліктерді пайдаланып, ұлттық кодын сақтай отырып, рухани жаңғыруға бел буды. Оның басты мақсаты – Ұлт жоспарын орындау аясында әлемнің ең озық отыз елінің қатарына кіру болып табылады. Соның бір жарқын көрінісі ретінде мемлекет басшысының Үндеуіндегі «Білімнің салтанат құруы» бөлімінде осыны мензеп, халықты жаппай білім алуға шақыруын айтуға болады.

Н.Ә.Назарбаев бүгінгі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алатынын басты назарға қойып, болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалатынын баяндайды.

Тарихтан сабақ ала отырып, тереңіне үнілген болжаудың, дағдарысқа душар болған қоғамды алға жетелеудің, өркендеуге апаратын жолдар мен іс-әрекет жүйесін табудың күрделілігі мен өзектілігін көрсеткен Елбасының сапалық саясаты Қазақстанды гүлденудің жолына салып, үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Қазақстан өз егемендігінің алғашқы жылдары саясат саласындағы стратегиялық мақсатқа негізделген президенттік республика құруды жатқызған болатын. Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз

бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адам қандылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр.

Ал идеология мәселесіне келер болсақ, Қазақстан халқына арнаған кестелі сөз, кесек ойларын көрініс тапқан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тұғырнамасында Президент елес идеологияларға ермей, заманға сай амал етуге үндейді: «Өкінішке қарай, тарихта тұтас ұлттардың ешқашан орындалмайтын елес идеологияларға шырма-лып, ақыры су түбіне кеткені туралы мысалдар аз емес. Өткен ғасырдың басты үш идеологиясы – коммунизм, фашизм және либерализм біздің көз алдымызда күйреді. Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмесе кетті. Енді айқын, түсінікті және болашаққа жіті көз тіккен бағдарлар керек. Адамның да, тұтас ұлттың да нақты мақсатқа жетуін көздейтін осындай бағдарлар ғана дамудың көгіне Темірқазық бола алады. Ең бастысы, олар елдің мүмкіндіктері мен шама-шарқын мұқият ескеруге тиіс».

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 1993 жылы Ордабасы жерінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би тәрізді дана билерімізді еске алу кезінде: «Біз мына дүниенің ең қуатты қозғаушы күші-мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғынып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға сіңірген осы билеріміз еді», – деп атап өтті. Тарихтың тереңінен тағылым алған Елбасы Қазақстанның басты мүддесі сыртқа саясаттағы әріптестік пен ішкі саясаттағы тұрақтылық екеніне тоқталды. Мемлекеттің өркендеуі жолындағы баянды қазынасы да осы екі мүдде екені анық. Заман көшінде Қазақстан өзінің саяси жолын тандап алды. Әлемдік қауымдастық алдында бұл жол Қазақстан жолы деген атпен белгілі.

Н.Ә.Назарбаев баяндаған идеологиялар туралы кесек ой да ел басқару жүйесін жаңа өзгерістер биігіне бастары айқын. Дәл осындай тәуелсіз Қазақстанды өркениет көшінің алдыңғы

легіне апаратын жаңа бастамалар қашан да көпшіліктің қолдауы мен ықыласына бөленеді. «Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін», – деген ұлт көшбасшысының асыл сенімін, үкілі үмітін бірлік туы астында күш-жігерімізбен қуаттап, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», ұлт алдындағы жүгімізді бірге көтеруге қажет. Өзінің белсенді әрекетін халқының берекелі тіршілігіне ұластырған кеменгер басшының ісін құптап, сүйінбеу мүмкін емес.

Қазақстан бүгінде әлемге өндірісі жедел дамып келе жатқан, ішкі саясатында тұрақтылыққа қол жеткізген, бейбіт идеялардың елі болып танылуда. Кәрі құрлық елдері Астананы Азия мен Еуропа арасындағы алтын көпір деп санайды. 2011 жылы ЕҚҰЫ-ға Төрағалық құқығын берер алдында Елбасымен ол басқарып отырған елдің саяси-экономикалық жетістіктерімен қатар, гуманистік тұрғыдан да дамуын зерделеді. Мұның бәрін Елбасының әлемдік қауымдастық алдындағы толағай табыстары мен жарқын жеңістері деп білеміз. Қазақстан халқының дамуы мен гүлденуі жолында қыруар еңбек атқарған Елбасының еңбегін бүкіл-халықтық деңгейде бағалау сонғы жылдары анық көрініс бере бастады.

«Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды XXI ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», – деп ашып көрсетеді ел басшысы. Шындығында, бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономика-қада, білім, ғылымда, технологияда, яғни, барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темірқазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, сана-



лы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Қазақстан аумақтық тұтастық пен тиіспеушілік кепілдігіне ие болды, сыртқы саяси-экономикалық саясатта «ТМД», «Азия-Тынық мұхит аймағы», «Азия», «Еуропа», «Америка» бағыттары даму үстінде, қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы жөнінде іргелес мемлекеттермен ресми келісім-шартқа қол жетті, беделді халықаралық ұйымдар мен бизнес алпауыттары елімізбен санасып отыр. Мұның барлығы да Н.Ә.Назарбаевтың кеменгер саясаткерлігі мен қайраткерлік қырын тереңнен танытады. Ең бастысы, Елбасымыз барлық мүмкіндіктерді ұсытан шығарып алмай, егеменді еліміздің алып көшін әлемдік өркениеттің көшіне ілестіріп берді. Президенттің толымды тұжырымдары мен сүбелі ойлары осы көріністің жеміс бергендігін тағы бір айқындады. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген барша толағай табыстарымыз – қазақстандық қоғамда бірлік пен келісімді нығайтуға бағытталған дәйекті саясаттың нәтижесі.

Көшбасшымыз еліміздің әлемдік өркениетпен теңесіп, білім мен білік, тәжірибе, мәдениет, идеология, руханият тұрғысынан жан-жақтан кемелденіп, озық ойлы, үздік тәжірибелі, «Мәңгілік ел» идеясының өрнекті ізімен алға ілгерілеген табысты ел болуына ерекше назар аударады. Бұл тұста «Түркі халқы үшін Түн ұйықтамадым, Күндіз отырмадым...» деген Көк түрік қағандарындай тәуелсіз мемлекетімізді бүгінгідей әлем мойындар бәсекеге қабілетті, табысты ел деңгейіне жеткізіп, ұлт аманатын арқалаған Н.Ә.Назарбаевтың келесі бір кеменгерлік қасиетіне куәгер болармыз. Ұлт аманатын арқалау – перзент бойындағы жауапкершілігі мол, аса ауыр жүк әрі қадірлі, асыл міндет. Миллиондаған адамдардың тағдырына алаңдап, олардың жарқын болашағы мен бақыты, ел тыныштығы, ұлт амандығы, ел іргесінің өрілген шаптай бекем болып, ел мүддесінің биік тұруы үшін мың ойланып, жүз толғанып, тәуекелге барып, қарышты қадамдар жасауы үлкен

жауапкершілік пен даналықтың әрі даралықтың бірегей көрсеткіші деп білеміз. Елбасымыздың оран зор еңбегі мен көреген де сарабал саясатының нәтижесінде ғасырда жасалар ауқымды істер екі онжылдықта жүзеге асты.

Елінің дамуы, тұрақтылығы, алып көштен қалмауы үшін тар жол, тайғақ кешуді басынан өткеріп келе жатқан Н.Ә.Назарбаевтың еңбегін бүгінде «Мәңгілік елі», туған халқы аса құрметпен жоғары бағалайды.

Елбасы – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Біздің Тәуелсіздігіміздің тірегі – халықтың игі істері, ал білегі – оның Қарулы Күштері» ерекше атап, бөлекше бағалағанындай, біздің армия қазақстандық қоғамның басты құндылықтары – бостандық, тәуелсіздік, бейбітшілік пен тұрақтылықтың күзетінде тұр. Елбасымыз Қарулы Күштерді дамыту мен қазақстандық әскери қызметкерлердің өмір сүру сапасын жақсарту ісіне ерекше көңіл бөліп отыр. Соның нәтижесінде мәртебелі де маңызды міндет ретінде әскери кәсіптің беделі күннен-күнге артып келеді. Бұл міндетті орындауда еліміздің әр аймағында Жоғарғы Бас Қолбасшының үкілі үмітін ақтап, мемлекеттің абыройын сақтап жүрген әскери саладағы қызметкерлердің орны бөлек. Осы орайда «Мәңгілік елімізді» қорғап, Отанға қалтқысыз қызмет етіп, еліміздің тыныштығы мен баянды бақыты жолында жанын аямаған, Отан шебінде тұрған барша әскерлеріміздің мызғымас мемлекетті қалыптастырудағы үлесі зор деп білемін.

Қорыта айтқанда, мыңдаған жылдық тарихы бар ұлан-байтақ тәуелсіз елде «Мәңгілік елдің» мәңгілік мұраттарын жүзеге асыру жолында Қазақстан әлемдік өркениеттің алып төрінен ойып орын алып, елдігі мен бірлігі бекем, мызғымас мемлекет болып, Елбасымыздың кемел келешекке меңзеген дара жолымен асқар шырларды бағындыратынымызға сенімдімін.

Асқар МҰСТАБЕКОВ,
полковник, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының бастығы

Ғалымқайыр МҰТАНОВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ – ЖАСАМПАЗ ТАРИХ ЕЛІ

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы өзі атап өткендей «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасының жалғасы ретінде жарық көрді.

Мақалада Ұлы Дала Елінің бүгінгі мұрагері тәуелсіз, бірлігі мен берекелі тыныс тіршілігі ұйысқан еліміздің әлемдік өркениетте алатын орны айқындалған. Бүгінгі Қазақстан сан ғасырлық тарихтың ғана емес, әлемдік өркениет қазынасына енетін бай мәдени игіліктің иесі екендігін зерделеу, насихаттау аса маңызды міндет екендігі көрсетілген. Себебі, қим-қиғаш оқиғаларға толы жаһандық үдерістерде кез келген ел мен мемлекеттің бүгінгі әлеуетін ғана емес, өткен замандардың даңқты парактарының мұрагерлері ретіндегі жағымды бейнесін де әлемге танытудың маңызы ерекше.

Егер, мәдениет кез-келген халықтың, мемлекеттің бет-бейнесін айқындайды, негізгі құндылықтары қалыптастырады десек, мақалада Ұлы даланың адамзат өркениетіне серпін берген озық технологиялардан бастап, рухани құндылықтары мен жасапмаз рухының қалыптасуының сипаты, негіздері мен ерекшеліктері айқын көрсетілген.

Біздің жерімізден бастау алған, атақты «Ботай» қонысы арқылы әлем ғалымдары мойындаған жылқыны қолға үйрету мен атқа міну мәдениеті, жылқы шаруашылығы, металлургия ісі, «аң стилі» атанған зергерлік өнер ата-бабаларымыздың аса жоғары өркениет өкілдері ретінде көшпелі және отырықшы мәдениетті тоғыстыра отырып, өзіндік ерекше әлем қалыптастырғандығын көрсетеді. Нәтижесінде Ұлы Жібек жолының бойымен тек сауда байланыстары ғана жүзеге асып қана қоймай, әртүрлі мәдениеттердің үлгілері де кең тарап, ежелгі Қазақстан аумағы түрлі мәдениеттердің тоғысқан аумағына айналды. Ұлы даланың өзіндік рухы мен қайталанбас сипатын «Алтын адам» атанған сән-салтанаты мен даңқы қатар жарасқан даңқты билеушілер басқарған, қуатты мемлекеттер айқындай түсті. Тасқа қашалып, мәңгілікке жазылған руна жазулары мен онда баяндалған ерлік тарихы қайталанбас өр рух пен ата-бабаларымыздың дүниетанымы мен құндылықтарынан, озық мәдениетінен сыр шертеді. Осылайша Ұлы Дала Елі интелектуалдық дамудың да тұғырына

көтеріліп, оның небір даңқты перзенттері, соның ішінде адамзаттың «екінші ұстазы» атанған әл-Фараби сынды тұлғалар дүниеге келді.

Қазіргі таңда әл-Фараби есімі әлем жұртшылығына кеңінен танымал, олар біздің ұлы бабамыздың түркілік тегін, ұлы ғалым ретіндегі рөлін бағалап, мойындап отыр. Мысалы, голландиялық, түркиялық ғалымдар өздері бастама көтеріп, біздің университетімізбен бірлесе отырып, әл-Фарабидің өмірі мен қызметіне арналған бірнеше деректі фильмдер дайындады. Әл-Фараби бейнесі арқылы еліміздің ежелгі өркениет ошағы екендігін мойындап қана қоймай, оны әлем жұртшылығына таныстырды. Бұл, даңқты бабамыздың мұрасы арқылы елімізді танытудың бір ғана мысалы екендігін айтқым келеді.

Елбасы мақаласының тағы бір ерекше маңызы ұлттың рухын күшейтіп, болашаққа деген сенімін нығайтады. Себебі, адамзат өркениетінің көптеген мәдени және технологиялық жетістіктері біздің жерімізден бастау алып, әлем жұртшылығына тарағанын білу, өзінің қайталанбас сипаты бар өркениет қалыптастырған елдің ұрпағы екендігін сезіну барша қазақстандықтардың, соның ішінде жас ұрпақтың бойындағы елімізге, өзімізге деген құрметті арттырып, кеудемізге мақтаныш сезімін ұялатып қана қоймай, оларды рухтандырып, болашаққа деген сенімін нығайтады. Ұлттық сананың көкжиегін кеңейтіп, отарсыздандыру үдерісін жылдамдатады.

Жақын арада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Елбасы мақаласында айтылған жасапмаз тарихымыздың жеті қырынан сыр шертетін «Қазақ Елі» тарихи-көркемдік кешені ашылады. Бұл кешен студент жастардың бойындағы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне, ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді, мәдениетімізді сақтауға, бағалауға, дамытуға серпін беруді жүзеге асыру және насихаттауды мақсат тұтқан. Әрине, бұл Елбасы бастамаларын жүзеге асырудағы бір ғана кадам.

Осы орайда, «Рухани жаңғыру» жалпыұлттық бағдарламасын жүзеге асыруды аталған мақалада қойылған жаңа міндеттер мен мақсаттарды ескере отырып орындау баршамыз, соның ішінде зиялы қауым өкілдері үшін отан мүддесі жолындағы, болашақ ұрпақ алдындағы зор міндет.



Алмас АРЗЫҚҰЛОВ,
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ Ақпараттық-талдау жұмысы бөлімі басшысының орынбасары:

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» - ТАРИХЫМЫЗҒА ТЕРЕҢ ҮҢІЛУГЕ ҮНДЕЙДІ

Елбасының жаңа жарияланған «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласы өзінің мазмұны мен мәні жағынан, орындалуы тиіс жобалардың бағыты бойынша шынымен де бір жарым жыл бұрын жарық көрген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жалғасы іспетті.

Өйткені, ұлттық рухани жаңғырту негізгі үш бағыт – ұлттық (мемлекеттік) тіл, ұлттық дәстүрлер мен мәдениет құндылықтар және отандық тарихты жаңғырту негізінде жүргізілуі тиіс. Кез-келген ұлттың қалыптасуы және оның мәдени-генетикалық ділі аталынған түсініктермен тікелей байланысты. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында тілімізді дамыту үшін латын қарпіне ауыстыру, мәдениетке қолдау көрсету бойынша «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын жария еткен болатын. Енді міне, өткенімізді түгендеп, ескімізді еске алып, болашағымызды айқындау мақсатында «Ұлы дала тарихына» терең үнілуге шақырып отыр.

Әлемнің озық елдерінің мақтан тұтатын тарихи мұрасын мысалға тартқан Елбасы, біздің де тарихымыз тереңде жатқандығын атап өтті. Ежелден қазақ жерін мекендеген сак, ғұн және одан кейінгі түркілер сияқты мемлекет құрушы

тайпалар ешқайдан келмеген, ешқайда кетпеген автохтонды халық.

Олардың заманында жасалған барлық мәдени-материалдық жәдігерлер мен рухани жетістіктер ешқайдан көшіріліп алынған жоқ, керісінше осында жасалынып, «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» кезеңінде жан-жаққа таралды.

Кезінде тарих ғылымында орын алған еурацентристік көзқарас ұлы даланы мекендеген тайпалар этностық тұрғыдан кейінгі көшпелі халыққа еш қатысы жоқ деген ұстаныммен тарихи сабақтастықты есепке алмады.

Сондықтан да, Елбасы төл тарихымызды жаңаша көзқараспен, ой елегінен өткізе отырып, терең зерделеуді ұсынып отыр. Әлемдік мұрағаттардан елімізге қатысты материалдар жинау, Ұлы Даланың ұлы есімдері, түркі әлемінің бесігі, Ұлы Дала өнері, музыкасын зерттеу, оны заманауи бұқаралық ақпарат құралдары арқылы танымал ету мен жарнамалау да ел имиджін арттыруға септігін тигізеді.

Заманауи әлемде еліміздің озық елдер қатарына еніп, бәсекеге қабілетті болуы тек дамыған технологиялар мен білімге ғана негізделмей, сонымен бірге өткенін танып, мақтан тұтатын және болашаққа сеніммен қарайтын халқымен де танымал болады.

Ақберен ЕЛГЕЗЕК, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының бірінші орынбасары

ТӨЛ ТАРИХЫНЫҢ ТАМЫРЫНАН НӘР АЛҒАН ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Кез келген ұлттың тарихи санасы оның болашағына зор әсер ететіні хақ. Өткеніне зерделей қараған халық өз тарихына сай келешек тағдырын сомдайды. Ұлы тарихы бар елдің арман-мұраттары да биік, көз тігер көкжиектері де шексіз болмақ.

Төл тарихының тамырынан нәр алып, опық жеген замандардан тағылымды ой түйіп, нәтиже шығара алған ұлттың ғана болашаққа бағдары айқын. Ал айбарлы да кемел мемлекет халықтың тарихын жүйелеп, ұлттың тарихи жадын тұнық қып сақтап, сыртқы әсерлерден қорғап, тарихты бұрмалауға жол бермеуі тиіс. Яғни, әр мемлекеттің тарихи саясаты болуы керек дейміз. Тарихи саясат маңыздылығы жағынан сыртқы

я ішкі саясаттан еш кем емес. Тіпті, осы екі саяси ұстанымның қосындысы дер едік. Тарихи саясаты мығым елдің идеологиясы да қуатты нәм нәтижелі болады. Тәуелсіздік алған 27 жыл ішінде Қазақстан ұлттық тарихын жүйелеуге, отарлық саясаттан аршып алуға біраз талпыныстар жасады. Әуелі біз «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы тарихи ескерткіштерді қалпына келтіріп, құнды жәдігерлерді жинақтап жүйеледік, тарихи теориялық біраз мәселелерімізді шешіп алдық. Бірақ Елбасының жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында көрсетілген арналы бағыттар бізде бұрын-соңды болған емес. Нұрсұлтан Әбішұлының мақаласы төл

тарихымызды өз тұғырына қондырып, әлем тарихының ішінде өзіне лайық орнын анықтап беретініне көзіміз жетіп отыр. Қазаққа «ақ түйенің қарны жарылған күн» деген зор қуанышты білдіретін керемет сөз бар. Бүгін Елбасының жарқ ете қалған мақаласы да сол сөзді бәрімізге айтқызды. Ел Президентінің «Қазақ тарихында біз ұялатын ештеңе жоқ» деген афоризмге айналып кеткен намысты сөзі бар. Шынында қазақтың сонау сак-ғұндардан басталып, Еуразия кеңістігінде бөрілі байрағы асқақ желбіреген Түркі және Шыңғыс қаған империясы мен Қазақ хандығына ұласқан, бергі замандарға дейін қилы тағдыр кешкен тарлан тарихымызда біз ұялатын ештеңе

жоқ. Керісінше, мақтанатын дүние көп. Ұлы дала тарихының алтын тамыры – мыңжылдықтар тереңінде ашылуға даяр жатқан ғажайып рухани қазына. Енді міне, Елбасы мақаласында айтылған, жұрт жұмыла атқарысуға тиіс шаруалар сол алтын көмбені қазып алуға жол ашқалы отыр. Тарихымызды түгендеуге арналатын алдағы үлкен жұмыстар біздің тарихи санамызды, тарихи жадымызды қайта жаңғыртып, өз ішімізге, өткен замандарға, бабаларымыздың ұлы істеріне жаңаша қарауға мүмкіндік беретіні анық. Өткеніміз жаңғырып, өлгеніміз тіріліп, жоғымыз табылған кезде ғана біз ұлы ұлтқа айналамыз. Бұған бүгін сенім мол. Көп жағдайда біз экономикалық көрсеткіштерге көңіл қоямыз. Бірақ экономика мен әлеуметтік жағдайдың уақыт толқынында жиі құбылары әмбеге аян. Ал елдікті паш ететін, рухты өз тұғырына қондыратын осындай шаруалар ел есінде қалады, тарихта алтын әріптермен жазылады. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген нақыл бар. Бабалар ұрпағынан тиісті құрметін көрген кезде, Ұлы даламыздағы Ұлы мемлекетіміз жаңа серпін алатыны сөзсіз.

1. ТІЛ БІЛУ ТАЛАБЫ НЕГЕ ЖОҚ?

Кеңес елі компартиясының орталық комитеті өзінің құпия-астыртын әрекетімен қазақ тілін жоюды мақсат еткені жасырын емес. Жүздеген мектептер «коммунизм тілі» саналған орыс тілінде білім беруге ауысып, қазақ тілі «қосымша сабақ» ретінде тек ұлты қазақ балаларға оқытылғаны есімізде. Келімсектер мен өз арамиздан шыққан шолақ белсенділер «коммунизм құрамыз!» деп ұрандатып, қоғамдық орындарда өзге ұлт өкілдерінің көзінше қазақша сөйлесуді – «әдепсіздік» санады. Осы – «жазылмаған ережені» қатаң сақтау үшін олар Мәскеуге, орталық комитетке арқа сүйеді.

КСРО құлаған соң, халқымыз: «Жеке ел болдық, енді ана тіліміздің қолданыс аясы кеңейеді» деп, қуанғаны рас. Қазақ тілін «асүйге тыққан» Мәскеу болғандықтан, оны «асүйден алып шығуға» Астананың көмегі қажет болды. Тоқсаныншы жылдардың басында халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының аты да, заты да дүркіреп тұрды. Сол кезде үкімет қазақ тілін айтарлықтай қолдады. Мектептерде аптасына 4-5 сағат, өзге оқу орындары 3-4 сағат қазақ тілін оқытып, одан тыс қазақ тілі курстары көптеп ашылып, республикалық «Ана тілі» газетінен қалыспай, өзге газет-журналдар да, теледидар мен радио да мемлекеттік тіл мәселелерін жан-жақты көтеретін. Сондықтан, қазақтармен бірге өзге ұлт өкілдері де мемлекеттік тілді үйренуге құлшынып кіріскен еді. Жұрт: «Енді тым болмаса, халықпен тікелей жұмыс істейтін мамандарға мемлекеттік тілді білу талабы қойылар» деп үміттенді, әліптің артын бақты. Бірақ, ел үмігі ақталмады – тілді білу талабын қоймады.

Сұрауы жоқ дүниенің қадірі болған ба, Қазақстан үкіметі мектеп түлектеріне де, қазақ тілі курстарын бітірген азаматтарға да, ЖОО-ны бітірген жас мамандарға да мемлекеттік тілді білу талабын қоймаған соң, «мемлекеттік тіл» дегені бос сөз екен, қазақ тілін үйренбей жүре беруге болады екен, оны оқып нем бар еді?» деген ой қалыптасты. Бұдан былай қазақ тілі сабақтарына немқұрайлы қарайтындар, «қазақ тілін оқыту әдістемесі жоқ» дегендей сылтау айтатындар саны артты. «Мен қазақша білмеймін, маған орысша айт» дейтін бұрынғы кеңестік шолақ белсенділер қайта күш ала бастады. Олардың отбасыларында мемлекеттік тілді құрметтейтін, қазақ тілін үйренгісі келмейтін ұрпақ өсті.

Осының салдарынан Қазақстанда қазір қазақ тілі «мемлекеттік тіл» ретінде емес, қазақтілді азаматтардың күшімен «ана тілі» ретінде ғана дамып келеді.

Бұған Қостанайдағы (жалпы, теріскейдегі) жағдай мысал бола алады.

Қостанай аймағында жергілікті билік әлі күнге дейін кеңестік сүрлеумен келеді. «Билік өзі біледі» деп, халық әкімдер мен депутаттарға сеніп отыр. Ал, облыстық білім басқармасы, тіл басқармасы, бала құқын қорғау департаменті болып, аудандық білім, мәдениет және тіл бөлімдері ата-аналарға «баланың ана тілінде білім алу құқын» түсіндіруі тиіс, еліміздің болашағы – бала-шағасының «Қазақстанның болашағы» саналатын мемлекеттік тілде оқытуға көңіл бөлуге» шақыруы тиіс емес пе? Формалды түрде емес, нәтижелі жұмыс істеуге міндетті емес пе?! Халық арасында: «мемлекеттік мекемелер мемлекеттік тілдің болашағына



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ БИЛІКТЕН ҚОЛДАУ КҮТЕДІ

алаңдай ма?» деген сұрақ туындайды. Расында, мемлекеттік тілдің болашағы қазақтілді азаматтардың талабына ғана қарап тұрғанын билік біле ме? Осындай сұрақтарға жауап іздеп, әкімдікті мазалағанмыз рас. Біздің сұрауымыздан кейін, Қарабалық ауданы білім бөлімінің мамандары ата-аналармен формалды түрде жиналыс ұйымдастырып: «ата-аналар балаларын мемлекеттік тілде оқыта алмайтынын, себебі, өздері қазақша білмегендіктен баланың сабағына көмек көрсету қиын екенін айтты деген желеумен қазақ сыныбын ашу мәселесін жылы жауып қояды. Осы жерде халық мемлекеттік тілдің болашағына күмәнданбай қайтсін? Сол ата-аналардың дені 1980 жылдан кейін туғандар емес пе?! Олар 1989 жылы қазақ тілі «мемлекеттік тіл» мәртебесін алғаннан кейін мектепте, жоғарыда атап өткеніміздей, аптасына 4-5 сағат қазақ тілін оқыған жоқ па?! Мемлекеттік тілді 11-12 жыл бойы оқытқан соң, оның сұрауы қайда? Оқып-үйренгенін бекіту деген болмай ма? Әлде, үкіметке нәтижесі қажет емес пе, жай ғана «Мемлекеттік тілді оқытып жатырмыз, ақша бөліп жатырмыз!» деген көзбояушылық па? Халықты алдау ма?. Түк түсініксіз – тіл үйретуге ақша бөлінді, бірақ нәтижесі талап етілмейді.

Тіл оқып-үйренуге жағдай жасалды, енді мектеп түлектеріне, жас мамандарға тілді білу талабы қойылуы тиіс емес пе еді?! Мысалы, осы талаптың болмауы салдарынан Қарабалық ауданы оқушыларының 93 пайызы осы күнге дейін мемлекеттік тілдегі сөзді ұқпай немесе менсінбей, өзге тілде білім алуды жөн көрді. Өзге тілде оқыса да, мектепте қазақ тілінің бетін ашпай ма, оны Білім және ғылым министрлігі неге қадағаламайды? Мемлекеттік тілді оқытып-тоқытудан гөрі оқушы қыздардың киімімен алысып-жұлысу жеңілрек пе әлде? БҒМ-ның басты міндеті баланың киіміне көңіл бөлу ме, әлде балаға білім беру, оқулық сапасын бақылап, оқулықпен қамтамасыз ету ме?

Қазақ тілі мемлекеттік тіл

ретінде дамыса, жергілікті билік өкілдері тілдің дамуына айтарлықтай атсалысар еді, барлық мемлекеттік қызметшілер халықпен жұмыс істеп, нәтиже шығаруға тырысар еді. Елбасы айтқандай «Қазақстанның болашағының тілінде – қазақ тілінде оқытуға көңіл бөліп, ата-аналарға кеңес беріп, олармен ақылдасып, халықтың ұсынысын үкіметке жеткізіп, ауқымды жұмысты қағаз жүзінде емес, іс жүзінде атқарар еді.

Тіл талабын қоюға кедергілердің бірі, бәлкім, аудан мектептерінде мемлекеттік тілде білім беретін сыныптардың тапшылығы болар деп, Қарабалық ауданы білім бөліміне ат басын бұрдық. Бөлім басшысының орынбасары Сәуле Бакытқызы орнында екен. С.Бакытқызы күмілжіп, ештене айта қойған жоқ, содан соң өз ой-пікірімізді жайып салдық:

– Әрине, қазақ сыныбын ашу оңай емес. Бастауыш сынып мұғалімі керек, оған еңбекақы тағайындап, тұрғын үй тауып беру керек. Жеке бөлме керек-жарағы тағы бар. Мектептерде бала саны аз, бірін орыс сыныбына қалдырып, бірін қазақ сыныбына бөліп оқыту бюджетке қып-қызыл шығын. Бұның бәрі бергі жағы ғана» Ертен ол балалар жоғары сыныпқа барғанда мемлекеттік тілде білім беретін пән мұғалімдері керек. Олардың ұй-жайы, еңбекақысы, кабинеті, пән оқытуға қажетті құрал-жабдықтар т.т. керек. Бұның бәрін есептеп, мемлекеттік тілдегі сыныпты ашпай отырсыздар, – деп, қойып қалдық. «Қазақ сыныбын ашуға қолбайлау болып тұрған, ең бастысы – қаражат мәселесі, қолдаудың жоқтығы болса керек» деп едік, манадан бері үнсіз тыңдаған С.Бакытқызы:

– Өзіңіз бәрін біліп отырсыз ғой... – деді шарасыздық танытып.

Аудан бойынша бос тұрған, жартылай бос тұрған мектептер бар. Бірақ, қазақ сыныбын ашу үшін мектепке балалар керек, пән мұғалімдері керек, бюджеттен қосымша ақша бөлу керек, бірақ осы қажеттіліктерді өтеу үшін мандай тер төгіп жұмыс істеу керек. Бала болу үшін, мұғалімдер

келу үшін ауылға көңіл бұруымыз керек, құрылыс ашу керек. Бұл жерде «Көші-қон бағдарламасын», «Бастау – бизнес» курсы, «Ауыл шаруашылығын дамыту», «Дипломмен – ауылға!», «Серпін» бағдарламаларын дамыту үшін ауылға жалға берілетін үйлер, жолды жөндеу керек, интернетпен қамтамасыз ету үшін ұялы байланыс операторларын тарту қажет. Күнгейден келетін, шетелден оралатын бауырларымыз ауылда тұрудан бас тартып отырған жоқ: «танымайтын жер, жанашыры жоқ ауылға келіп, жағдайым қалай болмақ?» деп ойлайды. Жоғарыда айтылған мәселені шешу – өте маңызды, себебі бұл – оңтүстіктегі үш ауысымды мектептер мәселесін шешуге де айтарлықтай қолдау болар еді, әрі теріскейде мемлекеттік тілдің мәселесі, демографиялық ахуал жақсарып қалар еді.

2. МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕГІ НҰСҚА: НЕ БОЛМАЙДЫ, НЕ САУАТСЫЗ БОЛАДЫ. НЕГЕ?

Павлодарда тұрғанда тіл мәселесін көтеріп, оқу орындарына: – Талапкерлерді оқуға шақыру жарнамасын бұқаралық ақпарат құралдарына тек орысша беретіндеріңіз қалай? Жарнаманың мемлекеттік тілдегі нұсқасына да көңіл бөлсеңіздер, – деген ұсыныс айттым. Заң талабы бойынша жарнама міндетті түрде қазақ және орыс тілдерінде тарауы тиіс. Сонда оқу орнының басшысы, облыстық мәслихат депутаты:

– Төке, жарнамада не жұмысыңыз бар, одан да облыстық мәслихат сессияларының орыс тілінде ғана жүретінін неге көтермейсіз? – дегені бар еді.

Мен: – Аға! мәслихат сессиясы жабық есік режимінде өтеді, оның жастарға зияны жоқ, ал жарнаманы халық, бала-шаға көреді. Тілге құрметті қалыптастыруға теледидар тілінің, көшедегі жарнаманың үлесі зор, – дедім.

Керекулік телеарналардың жарнама тілін біршама түзеттік. Бірақ, соңғы кезде «Қазақстан» ҰТА-ның қылығы түсініксіз болып барды. Қабылданған латын графикасын сауатты қолдана алмай жүр. «ОТАУ» арқылы көрерменге жол тартқан бағдарламаларының атауын латын графикасы негізінде: «Тан шолпан», «Шан ырақ», «Менін Қазақстаным», «Көңіл толқыны», «Баланың көңілі», «Сенбілік тан» деп жазуы крескел қателік. Латын графикасына құрылған әліпбиді қолданып, «Н» әрпінің орнына «Н» әрпін жазып – бір, тұтас сөзді бөліп-жарып қалғаны – екі, мемлекеттік тілдің қосаны аясының кенеюіне кедергі жасап, тіпті, «қисық» дамуына жол ашып тұрған жоқ па?. «Еуразия» телеарнасы бір хабарының атауын бағдарламада да, студияға да латиницамен «ӘЙЕЛ СИРИ» (немесе «эyel cipi») деп жазған. Бұл қазіргіше, яғни, кириллицамен «Әйел сыры» хабары ғой, деп топшыладық. «Қоғам және әйел» («Алау» телеарнасы, 21.10.2018ж.),

«Улытау» («Тұран ТВ») деп жазуы көзге біртүрлі көрінеді.

Қазақша жазғанда кириллицамен де, латиницамен де қалай болса солай жаза салатын болдық. Қате жазғанды жазалау заң жүзінде қарастырылмаған. Жазалау дейміз-ау, түк болмағандай кейіп танытып отырған басшыларына, билік өкілдеріне, депутаттарға өкпеміз қара қазандай. Қазақ тілінде сауатты сөйлейтін тележурналистер аз, себебі, талап болмаса керек.

3. «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫ, ҮЙРЕН, БІРАҚ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕМЕ, СҰРАМА»...

Ол аздай, «Орыстілді азаматқа неге қазақша жауап бересің?», «Өзгетілді азаматтан неге қазақша сұрайсың?» деп, мемлекеттік тілде сөйлеген азаматтарды жерден алып, жер-

ге саламыз. Айналайындар-ау, қазақша сұрау, не қазақша жауап беру – тіл білмеген адамның жауы емес, қайта, керісінше – нағыз досы емес пе?! Мемлекеттік тілде сөйлейтіндер – оқушылардың, мектеп түлектерінің, жалпы, азаматтардың мемлекеттік тілден үйренген білімін шындауға ашылған зор мүмкіндік емес пе?! Сондықтан, қазақша сұрап, қазақша жауап беретіндерді «адамдарға іс жүзінде тіл үйретушілер», «мемлекеттік тілде сөйлесу ортасын қалыптастырушылар» деп қабылдап, оларды әрқашан қолдап, қолпаштауымыз керек! Бұл туралы әлеуметтік желіде де (фейсбук) жазғанбыз. Мемлекеттік тілде сөйлеуге, сұрауға, жауап беруге ешкім де тыйым сала алмайды. Себебі, Елбасы: «Қазақ тілі мен мәдениеті – мемлекеттігіміздің негізі!» деген. Демек, қисынға салсақ, «мемлекеттің негізі» болған тілге қарсылық, мемлекетке де, мемлекеттің негізіне де қарсылық емес пе? Президент тағы бір сөзінде: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» деп айтқаны ел есінде. Ал, «Қазақстанның болашағы» аталған тілге қарсылық, оны үйренуге талпынбау – тәуелсіздіктің нығаюына, елдің болашағына қарсылық емес пе? Халыққа осыны түсіндіру жағы кемшін.

Сондай-ақ, Наурыз айының 1-і елімізде «Алғыс айту күні» деп белгіленді. Бұл күні күнтізбеде, негізінен – «қазақстандық диаспоралардың қазақ халқына алғыс айтатын күні» деп белгіленді. Себебі, қазақ халқы қиын-қыстау заманда бір тілім нанымен бөлісіп, оларды аштықтан, тар үйінің бір бұрышын беріп, суықтан қорғаған. Ал, алғыс айту – жай ғана ауызбен: «спасибо» айта салу емес, сол қазақтың ана тілін үйреніп, қазақтың өзін қазақша жаңылтпастан сүріндіру, сөз сөйлегенде қазақ мақалымен таңдай қақтырып, қазақша жұмбақпен басын қатыру, болса керек. «Алғыс айту» деген, міне – осы болса керек!

4. ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ – «ҮКІМЕТТІҢ БІР БҮЙРЕГІ» ЕМЕС ПЕ?

Қазір не көріп тұрмыз? Өкінішті жағдай.

Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігі қазақ тілінің жаңа әліпбиін министрлік бағдарламасына қалай, қайтіп енгізер екен, халықаралық тіл – ағылшын тілін компьютерлік бағдарламада сауатты қоя алмапты. Аты-жөні таза қазақша әріптермен жазылған азаматтар бұның зардабын кесірін көріп отыр. Қазақтың Ө, Ү, Ұ сияқты дыбыстары/әріптері бар есімдерді ағылшын тілінде әр түрлі жаза салған. Құжаттарды берген ҚР Ішкі істер министрлігі жеке куәлікте менің аты-жөнімнің ағылшын тіліндегі нұсқасын: «TURKEN» деп, жүргізуші куәлігі мен техпаспортта «TYRKEN» деп жазған. Дұрысы – «TURKEN», яғни жеке куәліктегі нұсқа. Себебі «Y», «Y» дыбыстары – «U» сияқты еріндік дауысты дыбыстар.

5. ЕЛДІҢ ІРГЕТАСЫ, МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕНІҢ ЖАНЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҮКІМЕТТЕН ҚОЛДАУ СҰРАЙДЫ

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні – Кеңес үкіметі «қысып тастаған» тілімізді халқымыз өзінің «ана тілі» ретінде дамытуға күші жетпей жатыр, енді «мемлекеттік тіл» мәртебесінде даму үшін биліктен, үкіметтен қолдау күтеді. «Мемлекеттік тіл ретінде дамыту» дегеніміз,

Бірінші – мемлекеттік тілде сөйлеуді 1980 жылдан кейін туғандардан бастап талап етуіміз керек. Себебі, олар мектеп табалдырығын аттағаннан бастап қазақ тілі сабағын мектепте 4-5 сағат, колледжде, ЖОО-да – 2-3 сағат оқыды. Ол аз болса, тегін қазақ тілі курстарына жазылып оқуына мүмкіндік бар. Оқысын, естеріне түсірсін!

Екінші, – ұлты қазақ азаматтардың аты-жөндерін қазақ сөзі, мағынасына қарай Қаулы-Қарар арқылы түзету көзделсін. Мысалы, құжаты берілгенде әр түрлі: «Тюлюбай», «Тюлебай», «Тулебай», «Толебай» емес – қазақша «Төлебай» болсын. Сондай-ақ, «Умерали», «Омиралы», «Омералы», «Омералы» емес – «Өмірәлі» болып жазылсын. Әйтпесе, қазақ есімдерін жаза алмайтын қалге жеттік. Құжатын «Мөлдір Мұңайтпасқызы» деп толтырып берсек, құжаты бойынша ол қыз мен: «Молдер Муняйтпасовнаммын» деп, болмаса: «Молдыр Монайтпасевнаммын» дейді. Бұл – дұрыс емес! Осыны біріздендіру жөнінде ойласуымыз қажет. «Мөлдір», «Өмірәлі», «Інкәр» сөзінің қазақша сауатты қалай жазылатынын біле тұра, осы есімді әр азаматтың есімін жазғанда: «Есіміңіз қалай жазылатын еді?» деп сұрап отыру бейшаралық, намыссыздық, ана тілімізді ардақтамау, мемлекеттік тілді құрметтемеу емес пе?!

Үшінші – жоғарыда атап өткеніміздей, қала-далада мемлекеттік тілде сұрайтын, жауап беретін, жазатын азаматтардың бәрін Үкімет, жергілікті билік орындары қолдауы тиіс! Олар өзге азаматтарға мемлекеттік тілді нақты өмірде, қоршаған ортада қолдануды үйретушілер, қазақ тілі курсына да оқығандарға қолдау, және ниетіміз «мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру» болса, Елбасы сөзімен айтқанда «Қазақстанның болашағы» аталған қазақ тілін жаппай үйренуімізге тегін көмек!

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ

Өрнек ауылы,
Қарабалық ауданы,
Қостанай облысы.

■ БІРТУАР

Жақында Түркістан өңірінде «Нұртас Оңдасынов – биліктен биік тұлға!» атты деректі фильмнің тұсаукесері болып өтті. Қазақстан Республикасы Президенті телерадио кешенінің директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, фильмнің авторы Нәзгүл Әбутұрапова ханым: – Бұл фильм 2015 жылы бітіп-ақ қалған еді. «Саққұлақтар» мен тырнақ астынан кір іздеушілер жоғарыға ұнамауы мүмкін, ащы шындық айтылыпты деп жарық көруіне кедергі келтірді. Тек Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков пен Түркістан облыстық Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Марғұлан Зұлқарнайұлы, «Сауа group» компаниясының төрағасы, кәсіпкер Рысқұлов Ердос Дәулетбайұлы мырзалар мен Оңдасыновтанушы Гүлсім Оразәліқызының арқасында жарық көрді, – деп ағынан жарылды.

БИЛІКТЕН БИІК ТҰЛҒА



Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төрағасының бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков



Қазақстан Республикасы Президенті телерадио кешенінің директоры, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Нәзгүл Әбутұрапова

...Әңгімені арыдан бастасақ, 1987 жылы ақпан айында ол кезде Мәскеуде оқитынмын. Бірде Нұртас атаның қал-жағдайын білейін деп амандасуға кіргенде: – Ата ауылға қайтпайсыз ба, бүкіл халқыңыз сізді алақанына салып аялайды ғой дегенімде терең күрсініп: – Арманым ғой қайту, бірақ...– деп үнсіз қалды. Көзіне көзім түсіп кеткенде жүзінде мұң, көкірегінде шер, жаны жаралы арыстанның дәрменсіз қалы мен кірпігінен бір тамшы жас салбырап ілініп тұрғанын көріп жүрегім шым етті... Ол кезде қашып, ештеңенің мәнісін түсінуге өрем жетпеген болар. Мына фильм менің жан сарайымды ашты көкірегімді өксік билеп жанымызда отырған Марғұланның көзінен бір үзім тамшы жас үзіліп түсті... Нұртас атаның көз жасы қазақ халқының тәуелсіздігін көре алмай ішқұсалықтан арманда кетсе, Марғұланның көз жасы тәуелсіз, азат елде қуаныштың көз жасы еді...

..Қазақстанның рухани астанасы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Биліктен биік тұлға» атты деректі фильм ұлт қайраткері Нұртас Оңдасыновтың ноктаға басы сыймай кеткендігін көрсетті. «Бұл дүние дозақ екен саналыға» деп Мағжан Жұмабайұлы айтқандай, Нұртас ата мен Марғұлан немеренің көзінен жас бекерге үзіліп түспегендігін дәлелдеді.

Оңдасыновтың өзі: «Тағдыр маған ел басқаруды, халық үшін қам жеуді сыйлапты. Ондай сый алған адам өз отбасының мүддесінен гөрі ел, халық мүддесін жоғары қоюы керек. Ел басқару білгенге – мехнат, білмегенге – қанағат. Маған мехнат болды, себебі, ең ауыр кезең соғыс,

күйзелген шаруашылықты қайта қалпына келтіру жылдарында ел басқардым. Сол кезде халқымның жағдайы күні-түні есімнен шыққан емес, қайтсем жағдайын жақсартамын, көркейтемін, кем-



кетігін келістіремін деумен өмірім өтті...» дейді естеліктерінде. Әрбір қазақ төріне жазып іліп қоятын, ұрпақтан ұрпаққа мұра қылып қалдыратын: «Мен үш нәрседен тазамын. Біріншіден, сонша жыл ел басқарып отырып біреуге нақақтан-нақақ жала жауып, қиянатқа барған емеспін, біреуден бір сом да пара алған емеспін – қолым таза! Екіншіден, 1937-38 жылдардағы қаралы күндерде боздақтарды атып жатқанда, бір қағазға қол қойған емеспін – арым таза! Үшіншіден, адамдарды атаға, руға, жүзге бөлген емеспін – жүзім таза!» деген өсиет сөзінің өзі болашақ ұрпақтың санасында тұратын ардақты ой емес пе? Қазақтың біртуар ірі тұлғасы Нұртас Дәндібайұлы тәртіпті өзінен бастады. «Балық басынан шірімеді!». Ешкімнің ала жібін аттамай, мемлекет қамбасына қол салмай, ойлағаны халық қамы болды. Сондықтан да соғыстан соңғы қираған шаруашылық пен тұралаған тұрмысты тез арада

аяғынан тік тұрғыза білді. Өз өміріндегі жіберген қателіктерін мысалға ала отырып болашақ ұрпақты сақтандырған ол: Әл-Фараби бабамның мына бір қағидасы үнемі есімде жүреді. Бірде бір замандасы ғұлама ғалымнан: – Алманың қасиеті қып-қызыл болған түсінде ме, әлде бал татыған дәмінде ме?– дегенде, ғұлама ойланбастан: алманың артықшылығы – дәнінде, – деген екен. Сол сияқты, жалпы тіл, дәстүр, салт-сана туралы мақала жазсам әлгі Дәнді – ұлт ұрығынан жоғалтып алмасам екен деген уайымнан жазамын. Өйткені әйелді орыстан алдым. Өмір бойы сыйластықта өткен әйелімді ол үшін жазғыра алмаймын. Өкінерім – балаларымды «жоғалтып» алдым, олар

екен, жапырлап келіп қолымды алып, үстімдегі киімімнің (ұзын ақ көйлек кигізіп қойған) етегін сүйіп, әбігер болды да қалды. Сөйтсем, бар ғұмырын суфизм ілімін уағыздауға арнаған, даналық ойлармен ұнаған Қожа Ахмет Яссауиды сириялықтар да жақсы біледі, әрі үлкен құрмет тұтады екен. Қожа Ахмет Яссауи мен жерлес болғандығым үшін ғана табан астынан ең құрметті болып шыға келдім. Одан кейін барған жердің бәрінде маған ерекше көңіл бөлініп, құрмет жасалатын болды. Сол кезде байқағанмын – сөздерімізде, тілде ұқсастықтың барлығын. Содан ой туды – ұқсас сөздерді жинап, мағынасын ашып, кімнен қандай сөз ауысты, өзгерісі қалай дегенді зерттеп, неге сөздік жазбаймын деген. Оған тағы бір себеп – бала кезімде ауыл молдасынан алған білімім, яғни, ептеп арабша хат танытындығым...

Оңдасынов Нұртастың – арнайы ғылым докторы, кандидат деген атақ-дәрежесі болмағанымен, зейнеткерлікке шыққаннан кейін тапжылмай жиырма бес жыл арабша-парсыша-қазақша түсіндірме сөздік жазып, бір ғылыми институттың істейтін жұмысын жалғыз өзі атқарып: «Сөз төркінін іздеу қандай қызық, қандай ғажап, қандай сиқырлы! Тек өкінерім – жүргелі тұрған пойызға билет алып қойған жолаушыдай қопандай да отырамын. Уақытымның аз қалғанына, жасымның тым ұлғайып, бастаған сөздіктерімді жалғастыратын шәкірт тәрбиелемегеніме өкінемін. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген осындай айтылса керек, – дейді. 1974 жылы көп машақаттан кейін «Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік», «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. Оның 5 том сөздігі үздік-сөздік ширек ғасыр бойы шығып жатты. Бірақ, Нұртас ата қазақ тілінің лексикалық байлығының үлкен бір саласы болып саналатын араб, парсы сөздерін тілдің қойнау-қойнауларын қалдырмай тінтіп, маржандай тірнектеп жинап, тәптіштеп зерттеуін бір күнде де тоқтатқан емес, оларды сөздік қорына қосып, хаттай берді.

Н.Оңдасыновтай асыл тұлғаны өсіп келе жатқан жас ұрпақ тарих қойнауынан қазып алып сағат алтындай жалтыратып шығарады әлі, құдай қаласа.

Тоғайбай НҮРМҰРАТҰЛЫ



Ulttyq ustanymy bar adam úshin Nursultan Ábishulynyń «Uly dalanyń jeti qyry» atty maqalasy naǵyz jańalyq boldy. Zamandastarymyzdyń ǵana emes, aǵa urpaqtyń da uǵymynda ózimizdiń ulttyq tarihyмыzdy tek qaiǵyly jaǵynan este saqtaп, ony qazaq halqynyń bastan keshken bitpeitin qasireti men tragediialyq oқиǵalary dep qabyldap júr. Bul qaiǵy-qasiret qazaqtyń basyna túsken sharasyz taǵdyry degendei pikir qalyptastyrdy. Rasynda, mundaı kózqarasqa túrtki bolǵan tarihi oқиǵalar da jetkilikti: genoidtik sıpatqa ie bolǵan alapat asharyshylyq, jońǵar shapqynshylyǵy, Aqtaban-shubyryndy zamany, 30-shy jyldardaǵy saıası qyǵyn-súrǵın, «Alash» qozǵalysy kóshbasshylarynyń azattyq jolynda qurban bolýy, Jeltoqsan oқиǵasy jáne 80-shi jyldardaǵy qazaq jastaryn qýdalaı...

Azat PERÝASHEV:

Bizde babalarymyzdyń genetikalıyq kúshi bar



Mundaı tolassyz qasirettiń mániń uǵynǵan adam bárińen buryn halıyqtyń aman qalýyn oılaıdy. Múmkin, sol sebepten bolar, biz áli kúńge dein ulttyq tarihyмыzdy bitispeitin kúres dep túsinemiz, al ulttyq ustanymdy – tyǵyryqtan, bitpeitin apattardan qutylýdyń bir joly dep qabyldaımyz. Progress, jańa tehnologiıalar, ashıyq dúniemen qatynasý – bulardyń bárin azap sheǵydiń tarihi konepıasy aıasynda keinge shegerip, yǵystyryp tastadyq.

Alaıda, Nursultan Ábishuly tarihi pozitivizm nemese tarihty jaǵymdy jaǵynan taný turǵysynan ótkenniń jańa beımálim tusyn kórsetip berdi.

Men jáne meniń kóptegen áriptesterim úshin mundaı kózqaras – tosynnan kóterilgen mańyzdy bastama. Biraq Elbasymyz ár bir sózdi mysaldarmen dáleldep, naqty derekterge súıene otyryp, tolyq ashılmaǵan dúnielerdi ǵylımı turǵydan zertteıge shaqyryp otyr.

Bir qaraganda, maqaladaǵy keıbir nárseler burynnan belgili sıaqty, biraq olardy kásibi tarihsylyar emes, Nursultan Ábishuly ǵana bir júıege biriktirip, osyndaı baǵytta qarastyrýdy

usyndy. Máselen, atqa miný mádenieti men jylqy sharyashylyǵy barshamyzǵa ábden tanyıl, kózimiz de qolymyz da úirengen, burynnan kele jatqan turmystyń bir elementi. Búginde sharyashylyqta jylqylardy pıdalaný keıde tipti beıne bir eskirgen arhaizmge uqsady.

Degenmen, shyn máinde Elbasymyz kórsetkendeı, XIX ǵasyrda bý qozǵaltqyshyn engizgenge, iaǵni ónerkásip revoliúııasyna dein eń damyǵan elderde aýyl sharyashylyǵynda da, turmysta da, óndiriste de bas óndiristik kúsh bolǵan – dál sol jylqy edi. Eger jylqylardy pıdalaný san myńdaǵan jylдарǵa ulassa, endeshe ony aýystyrǵan elektr jáne ishten janatyn qozǵaltqyshtyń dáyiri bir-eki ǵasyr ǵana ústemdik qurdy. Tarihi turǵydan alǵanda, adamzattyń burynǵy sharyashylyq ómiriniń keminde 90%-y attyń kúshi basym qoldanylǵanyn kórsetti.

Bile bilseńiz, atqa miný mádenieti sekildi jylqyny alǵash qolǵa úiretı bizdiń elimizden bastaı alǵan, oǵan ıııtyq bolǵan – arǵy atalaryмыз.

Onyń ústine, áskerı is-



qımyldarda attardy pıdalaný, atty áskerlerdi qurý sol kezdegi tehnologiıanyń damýyna qattı áser etti. Mysaly, qary-jaraq, saıyt-saıman, beren, qalqan jasaı úshin temir qańlytyrlardy, shybyq, symdardy óndirýdi meńgerý qajet boldy. Bul mashyq-daǵdylardy da álemde tuńǵysh bolyp bizdiń ejelgi ata-babalaryмыз ıgergen.

Elimizde kóne metallırguanıyń dúneıjúzilik ortalyqtarynyń biri orınalasqanyn jáne de Shyǵys, Soltústik jáne Ortalyq Qazaqstanda kóne balqyıtı peshteri tabylıp, olardıń zerttelgenin

mektepte oqyp júrgen kezden bastap jaqsı bilemiz. Alaıda, biz sol kezdegi zaman úshin bul tańǵajayyp qubylys retinde teńdesi joq, sanada jarylys túdyrǵan tehnologiıalyq innovaııa bolǵan dep esh oilamaǵan ekenbiz.

Bul jerde tek metallıdyń ózin ǵana shyǵarý túraly sóz bolyp turǵan joq, sodan biregeı buıymdardy da óndirgen: tek qary-jaraq, saıyt-saımandarmen shektelmeı, arǵy atalaryмыз at ábzelderin (júgen, er-toqym, úzeńgini qosa alǵanda), turmystyq quraldardy, zergerlik buıymdardy jasady.

Ǵylımı damıdy zertteıshi Linn Ýaııtyń atıyınsha, úzeńgini shyǵarý – óz kezinde adamzattyń taǵdyryna avtokólik nemese ushaq shyǵarǵan tehnikalıyq revoliúııamen birdeı yppal etken jańalyq edi.

Aıtpaqshy, zergerlik buıymdar túraly aıtsam – tek qana ýtilarlıyq zattarǵa ǵana shyǵalanyп qalmai, qazaq halqy ádet-ǵuryptyq maǵynaǵa toly joǵary ónerge de nazar aýdarıyп, sheberlikterin pash etken. Qazaqstan territoriasynda b.z.d. V-VI ǵasyrlarda jasalǵan zergerlik buıymdardyń deńgeıine ózge elder júzdegen jylдар ótkennen keıin ǵana qol jetkizdi. Al ónerdiń órkendeıi – etnostyń rýhanı damıyınyn kórsetkishi men materialdyq kórinisi emes pe?!

Qalalyq infraquırylymnyń

deńgeıi, ol – bir bólek ángime. Kóshpeli órkenıettermen qatar arǵyqazaqtar (iaǵni keıingi zamanda qazaq halqyn qurastyrǵan túrik taıpalary) kóptegen damyǵan qalashyqtar jáne kádimgi qalalardy salǵan. Qala qurylysy jappı orın alǵan jáne sol kezdegi zaman úshin erekshe qolalı, yńǵalı bolǵan. 90-jyldardyń basynda men ózimniń aǵa dosym ári tarihsy Qyandyq Qaqylbaevpen birge AN-24-te jaıbaraqat Almatydan Taldyqorǵanǵa ushtyq. Sonda, joǵary biiktikten ol maǵan jyrmadan astam eski qalanyń ornın kórsetken bolatyn.

Sol bir ǵana marshrıııtyń boıynan osynsha kónergen qala jurnaǵyna kýá boldym!

Balalyq shaǵymyzdan beri Taraz, Qoılyq, Otyrar, Saıran, Syǵanaq syndy ejelgi qalalardı bilemiz. Astana mańynda orınalasqan Bozoq qalasynyń tabylǵanyna da kóp bolǵan joq. Bul qalalardan myńdaǵan jylдар boıy Uly Jibek joly ótti, Batys pen Shyǵys túıisti, dúnetanym, mádeniet pen tehnologiıalar ózara balansqa tústi. Dál bizdiń qazaqtyń ata-babalary óz zamanınyń eń ozyq dúnieleri quıylyp, qorytylyp shyqqan bul órkeniet oshaǵınyń ustaıshysy, kepilgeri men qamqorshysy bolǵan.

Sol kezde ata-analaryмызben nemese synyptastaryмызben birge qıraǵan kóne qalalardyń ornyna baryп, aralap kórdik, ejelgi ydstyn synyqtaryn qolmen ustap, jebelerdiń ushtaryn terdik. Sonda kóne sı arnalarynyń, káriz júesiniń, monshalardyń izderin óz kózimizben kórdik. Al nege túrik qalalarynyń infraquırylymyn sol dáyırdegi eýropalyq qalalardyń jaǵdarymen salıstyryp kórydı oilamadyq? Eýropada sı qubyry men monshanyń ózi sırek kezdesetin, al káriz júesi tipten oryndalmas arman edi olarǵa.

Maqalany qarta aıtyp berıdiń esh máni joq, biraq alǵan áserime súıensem, Nursultan Ábishuly

óziniń nazaryn aýdarǵan, al biz buryn kózge ilmeı, máń bermegen dúnege qaita qarap, paıymdaıǵa túra keldi. Jáne bul ótkendi saralaı, salıstyryı ulttyq rýh pen abyroiмызdy asqaqtattı. Sóitse, bizdiń tarih tek qandy shaiqaspen kelgen jeńisterimen ǵana emes, ashıyqıyǵymen, aqyl-parasatınyń, oı-órisiniń biiktigimen, jalpy adamzattyq ıvilızananyń qaryshıtaıyna yppal etken jańalyqtarymen, sharyashylyq salty jáne turmys sapasymen de dańqıy ekenin túsindik.

Men oilaimyn, atalmysh quıjattyń túpkilikti máni – tarihta emes, onyń zamandastaryмызben bolashaq urpaqqa qalaı áser etip, qandaı serpilis bererinde bolyp tur. Qazirgi esikeri álemge aıqara ashıyq jahandanı zamanıynda qazaq jastary, keńinen alsaq – barsha qazaqstandyqtar bóten bireıyge jaltaqtamaı, batıl túrde áreket etip, ósip-óne alady. Sebebi, olardıń boıynda – tarih pen órkenıetti dúmeni ózgerıten ata-babalardyń genetikalıyq kúshi bar, qany túlap jatyr.

Óskeleń urpaq óziniń túp tamıryna, tabıǵı bolmysyna kúmán keltirmeı, ikemdiligine, jańalyq ashıyǵa qabiletti ekenine senimdi bolyp, buryn sońdy eshkim oilap tappaǵandy jasaıyǵa qayqarlı ekenine shúbá keltirmeıy qajet. Kerisinshe, novatorlıyq, iaǵni jańashyldyqqa degen beıimdilik, batılydyq pen kóshbasshylyq olardıń ulttyq kodynda bar. Bul – Uly dalany meken etken ata-babalaryмызdyń mura etip qaldyrǵan amanaty.

Buryn ulttyq ustanymy bar adamdardyń atyna aıtylǵan ksenofobia, negativizm, qazaqtyń tragediasyna zarlaıshysy degen syndy jii estitinmin. Alaıda Prezidentiń maqalasy kún tártibindegi ulttyq taqyrypty túbegeili ózgerıedi: budan bylai ulttyq múdeni kózdeıshiler, meniń túsinigimde – progresshil, jasampaz, ashıyqıyqqa jany qushtar jáne innovaııaǵa qabiletti tulǵa ekenin dáleldeıdi.

«Uly dalanyń jeti qyry» eńbiginde ǵajap túrde negizdelip, ashıyqılǵan tarihi pozitivizm – Qazaqstanıyń keleshek urpaıy úshin berik dińgek, olardıń jarqın jeńisteri men jańalyqtaryna jol kórsetetin Temirqazyǵy!

Derekkoz:
Egemen Qazaqstan

